

**Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасы туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 451 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 383 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.06.2016 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 – 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне олардың орындалуы жөнінде а қ п а р а т б е р с і н .

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 778 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызына дейін Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық а қ п а р а т б е р с і н .

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 778 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

## Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасы

### 1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 778 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

|                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Атауы                               | Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Өзірлеу үшін негіздеме              | «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Өзірлеуге жауапты мемлекеттік орган | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Бағдарламаның мақсаты               | Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткінің заңсыз айналымына қарсы мемлекеттік және қоғамдық іс-қимылдың қалыптастырылып жатқан жүйесін жетілдіру                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Бағдарламаның міндеттері            | 1. Нашақорлықтың алдын алу, емдеу жүйесін жетілдіру және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін дамыту.<br>2. Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайту арқылы есірткі құралдарының заңсыз айналымының жолын кесу.<br>3. Есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануды бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту. |
| Іске асыру кезеңдері                | 2012 - 2016 жылдар<br>I кезең: 2012 - 2014 жылдар;<br>II кезең: 2015 - 2016 жылдар.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Мақсатты индикаторлар               | Мыналар бағдарламаның аса маңызды мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштері болып табылады:<br>халықтың нашақорлықпен ауыру деңгейін төмендету, 100 мың тұрғынға шаққанда адам саны;<br>есірткі тұтынатын адамдар санын азайту;<br>тіркелген жалпы қылмыстар санынан есірткі қылмыстарының үлесін төмендету, %;<br>есірткі контрабандасының анықталатын фактілерінің санын арттыру, %.                              |
| Қаржыландыру көздері мен көлемдері  | 2012 – 2016 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемі 7 млрд. 480 млн. 762 мың теңгені құрайды, оның ішінде: республикалық бюджеттен – 6 млрд. 616 млн. 778 мың теңге                                                                                                                                                                                                   |

## 2. Кіріспе

Қазіргі уақытта нашақорлық проблемасы әлемдік қоғамдастықта өзекті болып қалуда және оның салдары ретінде жастар арасында есірткіні пайдаланумен байланысты ахуал барлық елдер үкіметтерінің алаңдаушылығын арттырып отыр.

Халықаралық сарапшылардың арасында көрсетілген проблеманы шешуде әркелкі тәсіл байқалады, осылайша есірткі бизнесіне қарсы күрес тәсілдері ретінде қылмыстық заңнаманы түбегейлі қатаңдатуға дейінгі әртүрлі шаралар ұсынылады, яғни жазалау шараларын қолдау ұсынылады. Оң профилактиканы насихаттайтын сарапшылардың пікірінше, қылмысқа қарсы күрес қаншалықты маңызды және қажет болуына қарамастан, басқа шаралар әлеуметтік сипаттағы шаралар болуы тиіс. Есірткіге ұсынысты ғана емес, сұранысты да төмендету қажет. Қоғамдағы әлеуметтік климатты өзгертуге қол жеткізу керек, оның ішінде нашақорлық – бұл әлеуметтік қолайсыздық белгісі екені де даусыз.

Есірткіге тәуелділіктің құбылыс ретіндегі қауіптілігі есірткі заттарының тізбесі ұдайы өзгеріп, жаңа шептер құруына байланысты, оларды жеңу ахуалды елеулі талдауды, әдістемелік даярлықты және дәрігерлерге өтініш білдірген кездегі сияқты олардың практикалық қызметінің профилактикалық бағыты бойынша да уақтылы көмек көрсетудің практикалық дағдыларын дайындауды қ а ж е т е т е д і .

Осыған байланысты есірткі бизнесіне және нашақорлыққа қарсы күрес «синтетикалық» деп аталатын есірткілердің кең таралуына да, дәстүрлі болып кеткен есірткінің ұлттық түрлеріне, яғни бірінші кезекте қарасора және одан жасалатындар жататын есірткілерге байланысты жаңа бағытқа ие болады.

Біздің елімізде нашақорлыққа қарсы күрес бойынша мақсатты бағытталған шаралардың жүйелі қабылдануына және іске асырылуына қарамастан, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне байланысты проблемалар сақталуда. Қазақстанда заңсыз есірткі айналымының көлемі өсуде, ол тек халықтың денсаулығына қатер төндіріп қана қоймай, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайды, мемлекет жүргізіп жатқан экономикалық реформалар үдерісін т ұ р а қ с ы з д а н д ы р у д а .

Бұдан басқа, Қазақстан, ең алдымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтарының Мемлекеттік шекарадан өтуінің либералды жүйесіне, бақылау-өткізу пункттерінің техникалық жағынан нашар жарақталуына, көлік магистральдарының тармақталған желісіне байланысты есірткі транзиті үшін тартымды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 мамырдағы № 784 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 – 2011 жылдарға арналған бағдарламасының

Іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде жоспарланған барлық іс-шаралардың орындалғанына қарамастан, кей тұста елде нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылдың тұтас жүйесін қалыптастыруға ықпал еткен ж о қ .

Біріншіден, бұл нашақорлықтың халықаралық аренада белсенді таралуының жалғасуына байланысты. Іске асырылып жатқан бағдарламаның тиімділігінің жеткіліксіз болуының екінші себебі онда мемлекеттік және қоғамдық институттардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске бағытталған күш-жігерін шоғырландыру жөніндегі шаралар кешенінің көзделмегені болып табылды.

Бұл ретте есірткіге тәуелді адамдардың жас шегіне қатысты мемлекеттік органдардың баса назарын аудару қажет, өйткені жасөспірімдер, жастар нашақорлығы анағұрлым қауіпті және кейіннен оның өлімге әкелетін зардаптары бар. Жасөспірімдер мен жастардың есірткіге тәуелділігі бала туудың төмендеуіне және көбіне нашақор ата-аналарына керек емес мүгедек балалардың дүниеге келуіне, сондай-ақ дәл осы жастар арасындағы өлімнің жоғары болуына әкеп соғады. Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдаланатын адамдардың жалпы санынан есірткіге тәуелді 14-тен 30 жасқа дейінгі адамдардың үлесі 49,2 % құрайды, атап айтқанда 23036 адам, оның 20423-і 18-ден 30 жасқа дейінгілер. Осыған байланысты нашақорлық тақырыбы қоғамда өзекті күйінде қалып отыр, ол үнемі көтеріліп отыруы және мемлекеттік деңгейде өзінің тиісті шешімін табуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген жайт алдыңғы бағдарламалардың кемшіліктерін ескере отырып, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің салалық бағдарламасын әзірлеу қажеттілігін растайды. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 – 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленді.

Бағдарлама «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығының негізгі ережелеріне сай келеді, онда есірткі бизнесіне және нашақорлыққа қарсы күрес орта мерзімді перспективалардың компоненттері болып табылатын Қазақстан Республикасының даму жоспарының басым мақсаттарының бірі болып белгіленген, мұнда халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, халықаралық есірткі бизнесі мен заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылатын болады. Орта мерзімді перспективада қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында маңызды басымдық есірткі трафигінің жолын кесуді, сондай-ақ 2015 жылға нашақорлықты 15 % төмендетуді қоса алғанда Ауғанстанға байланысты кешенді проблемаларды

шешуге қатысу болып қала береді.

Бағдарламаның бенефициарлары:

- 1) халық, оның ішінде жастар, балалар мен жасөспірімдер;
- 2) есірткіге сұранысты төмендету саласында жұмыс істейтін мамандар;
- 3) есірткінің заңсыз айналымының жолын кесуге қатысатын құқық қорғау органдарының мамандары;
- 4) әлеуметтік блок мамандары болып табылады.

### 3. Ағымдағы ахуалды талдау

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 778 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### 1. Әлемдегі есірткі ахуалының жалпы сипаттамасы.

БҰҰ-ның Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитеті әлемдік нашақорлықтың ауқымы туралы деректерді жариялады, оларға сәйкес әлемдегі есірткі тұтынушылардың саны, әртүрлі бағалаулар бойынша, 2009 жылы 172 миллионнан 250 миллион адамға дейін жеткен.

Кейбір елдерде әйелдер арасында нашақорлықтың өсуі байқалғанына қарамастан, нашақорлардың көп бөлігі ер адамдар.

Азия елдерінде нашақорлар санының 90% ер адамдар құрайды; ТМД елдерінде - 80% (Ресей Федерациясында - 84%); Латын Америкасы елдерінде орта есеппен 70-тен 80% дейін (Боливияда - 83%, Колумбияда - 80%, Чилиде - 73%); Ұлыбритания мен Германияда 63%-дан; АҚШ - 56%, егер қазіргі жыныстық диспропорциялар туралы ескеретін болсақ, мұның ұлт генофондына әсер ететіні күмәнсіз: әлемнің дамыған елдерінде 60 және одан жоғары жастағы 100 әйелге сол жастағы 72 ер адамнан келеді, ал аз дамыған елдерде - 88. 80 және одан жоғары жастағылар тобында дамыған елдерде 100 әйелге 46 ер адамнан, ал аз дамыған елдерде - 73-тен келеді.

Халықаралық талдаушылардың деректері бойынша тыйым салынған апииндардың әлемдік нарығындағы жыл сайынғы айналымының ауқымын кейбір дамыған мемлекеттердің жалпы кірісімен салыстыруға болады және 65 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Есірткі және қылмыс басқармасының (бұдан әрі – БҰҰ-ның ЕҚБ) бағалауы бойынша 2008 жылы 15-тен 64 жасқа дейінгі 21 млн. жуық адам инъекциялық есірткі тұтынушы болып табылған.

Қазіргі уақытта осындай алып астыртын бизнесті жарақтау көздері үш өңірде: Ауғанстанда, Оңтүстік-Шығыс Азияда (Мьянма) және Латын Америкасында (Мексика, Колумбия) шоғырланған.

Бұл топта героин мен морфиннің жалпы әлемдік көлемінің 85% жеткізетін, іс жүзінде осы салада монополист болып табылатын Ауғанстан оқшау тұр. Бұл елде 2008 жылы 2,7 мың тоннаға жуық героин қайта өңделіп, 380 тоннасы а л ы н ғ а н .

2010 жылы апиын өндіру 48% қысқарған кезде (2009 жылы - 6900 тонна, 2010 жылы - 3600 тонна) оның 1 кг құны 164% күрт өсті. Осының аясында өсірілетін апиын көкнәрін сатудан түсетін кіріс 38% өсіп, бір гектардан 4900 АҚШ долларын құрады (Ауғанстанда бір гектардан жиналған бидайдың құны – 770 АҚШ доллары). Мұндай үрдіс Ауғанстанда апиын өндірісінің және ауған героині есірткі ағынының артуына әкеп соғуы ықтимал.

БҰҰ сарапшыларының деректері бойынша, Орталық Азия мемлекеттерінің аумағы бойынша өтетін «Солтүстік» деп аталатын бағыт бойынша ауған героинінің жыл сайынғы транзит көлемі шамамен 50 тоннаны құрайды, оның көп бөлігі Ресей нарығына жеткізіледі (шамамен 2 млн. есірткі тұтынушы).

Есірткі өткізу нарығында 2010 жылы психотроптық заттардан, негізінен амфетамин, метамфетамин, МДМА, барбитураттар мен бензодиазепиндер сияқты заңсыз дайындалған синтетикалық психотроптық заттардан алынған кокаиннің пайда болғанына назар аудару қажет.

Сонымен қатар, бақылауға жатпайтын дәрілік құралдардан дайындалатын есірткі құралдарын (дезаморфин) пайдалану оқиғаларының өскені де байқалады.

Құрамында «кодеин» есірткі құралы бар дәрілік препараттар соңғы жылдары Қазақстан аумағында да, жалпы ТМД республикаларында да кеңінен тарала б а с т а д ы .

Бұл дәрілік препараттар еркін сатылады және құрамында есірткі немесе психотроп бар заттардың тізбесіне енгізілмеген. Құрамында кодеин бар дәрілік препараттарды өткізуді ерекше бақылауға алмақ болған құқық қорғау органдарының барлық әрекеттері осы саладағы құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамада шектеу сипатындағы шаралардың жоқтығынан күтілетін нәтиже берген жоқ. Қажетті шаралар тек 2011 жылдың қарашасында ғана қ а б ы л д а н д ы .

Бұдан басқа, дезаморфинді дайындау кезінде белгілі бір шамада пайдаланылатын өзге де дәрілік құралдарды сату көлемдерінің артуы Қазақстан аумағында «дәріханалық» деп аталатын нашакорлықтың дамып келе жатқанының куәсі болып табылады.

Құқық қорғау органдарының жүйесінде нашакорлық, есірткі бизнесі проблемасына, есірткінің заңсыз айналымына қатысатын адамдарға қатысты, көбінесе жеке-жеке жұмыс істейтін автоматтандырылған деректер базалары өңдейтін ақпараттың елеулі жиымы қалыптасқан. Бұған қоса бүгінгі таңда қалыптасқан криминогендік есірткі ахуалын және есірткілер мен олардың

аналогтарының таралуын талдау және болжау үшін осы мәліметтерді кешенді пайдалану қажеттілігі бар.

Осыған байланысты есірткіні пайдалануға теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған және өзінің күш-жігерін қажет ететін есірткіге қарсы насихат мәселелерінің өзектілігі бұрынғыдан да зор болуда, сонымен қатар есірткі бизнесіне қарсы күрес және нашақорлықтың алдын алу саласындағы қызметті реттейтін заңнамалық базаны жетілдіру және нығайту қажет.

## 2. Қазақстандағы есірткі ахуалы

Біздің мемлекетіміздің есірткі экспансиясы географиялық жағдайына және Ресей Федерациясымен және Қытай Халық Республикасымен ортақ шекараларының болуына байланысты, олардың халқын есірткі дилерлері есірткі өткізудің әлеуетті ірі рыноктары ретінде қарастыруы мүмкін.

Бұл себептер Қазақстандағы қазіргі ахуалды көрсетеді, ол есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы және оларды заңсыз тұтыну саласында теріс үрдістердің сақталуымен сипатталады, бұл халықтың денсаулығына, елдің экономикасына, құқықтық тәртіпке және жалпы елдің ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіреді.

Есірткінің заңсыз айналымы және заңсыз тұтынудың таралуы бірқатар өзара тығыз факторларға байланысты.

Есірткінің заңсыз айналымымен байланысты операциялардың жоғары кіріс әкелуі осындай факторлардың бірі болып табылады, бұл есірткіні заңсыз ұсынысы нарығының тұрақты көлеміне ықпал етеді. Мониторинг нәтижесінде алынған сарапшылардың деректері бойынша есірткімен байланысты заңсыз операциялардың кірісі Қазақстанда 500 және одан да көп пайызды құрайды және соңғы жылдарда тұрақты болып қалуда.

Құқық қорғау органдарының бағалауы бойынша, заңсыз айналымдағы героин ауғандық есірткіден жасалған және контрабандалық жолмен жеткізіледі.

Кеден одағының жұмыс істеуі және Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру жағдайында трансұлттық байланыстары бар қылмыстық есірткі топтарының әрекеттері, әсіресе шекаралас өңірлерде, нақты қатер төндіреді.

Еуропа елдерінен әртүрлі синтетикалық есірткілерді контрабандалық жеткізудің кеңейуі Қазақстанда есірткі ахуалы дамуының екінші сыртқы факторы болып табылады.

Сонымен қатар Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер комитеті (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы БП-ның ҚСЖАЕК) ұсынатын статистикалық деректерді талдау бірқатар жылдар бойы жүзеге асырылып келе жатқан мемлекеттік есірткі саясаты өзінің оң нәтижелерін беретінін көрсетеді. 2009 жылдан бастап 2011 жылға дейінгі талдау жасалып отырған кезеңде елдегі есірткі ахуалының салыстырмалы түрде тұрақтану үрдісі

б а й қ а л а д ы .

2011 жылдың 12 айында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты 4360 қылмыс және 5161 құқық бұзушылық анықталды. 33 тонна 998 кг әртүрлі есірткі, оның ішінде 306,7 кг героин алынды. Ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған 38 есірткі қылмысы анықталды, есірткі контрабандасының 198 фактісінің жолы кесілді, «бақыланатын жеткізілім» әдісі бойынша 23, оның ішінде 3 сыртқы (Қырғыз Республикасының Есірткіні бақылау жөніндегі мемлекеттік қызметімен бірлесіп) а р н а й ы і с - ш а р а ө т к і з і л д і .

Жалпы Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалын мыналар сипаттайды:

1) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланатын адамдар санының азаюы.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтынушылардың тұрақты төмендеуі байқалды. 2010 жылы есірткі құралдары мен психотроптық заттарды тұтынушылар санының төмендеуі 2009 жылмен салыстырғанда 7,9% (54081-ден 49795-ке дейін), оның ішінде есірткіге тәуелділер 8,4% (35496-дан 32485-ке дейін) құрады.

Ресми статистика деректері бойынша Қазақстанда 2011 жылдың 12 айында есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтынатын 46766 адам тіркелді, бұл 2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда тұтынушылар санының 6,1% (49795), оның ішінде тәуелділер санының азаюы 7,2 % (32485-тен 30142-ге дейін) құрағанын көрсетеді;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты, оның ішінде өткізу мақсатынсыз жасалған қылмыстар санының азаюы.

Статистикалық деректерге сәйкес, өткізу мақсатынсыз жасалған есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының анықтауы және тіркеуі бөлігінде көрсетілген қылмыстар санатының төмендеу үрдісі байқалады, 2009 жылға (6217-ден 5644-ке дейін) қарағанда 2010 жылы 9,2 % азайған, өткен жылмен салыстырғанда 2011 жылы төмендеу 72,3 % (5664-тен 1566-ға дейін) құрады.

Сондай-ақ тіркелген жалпы қылмыстар санынан есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты тіркелген қылмыстардың үлес салмағының төмендеуі байқалады, есірткі қылмыстарының үлес салмағы 2009 жылы 5,1%, 2010 жылы - 4,9%, 2011 жылы - 2,1% құрады;

3) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өткізумен байланысты не өткізу мақсатындағы қылмыстар санының азаюы.

Сонымен бірге есірткі қылмысының деңгейі (өсуі немесе төмендеуі) құқық

қорғау органдары қызметінің тиімділігіне тікелей байланысты.

Құқық қорғау органдары бойынша 2011 жылы тіркелген есірткі қылмыстарының негізгі бөлігі, бірінші кезекте, ішкі істер органдарына келеді 93,25 % (1-кесте).

1-кесте

| Анықталғаны                    |           |         |           |         |
|--------------------------------|-----------|---------|-----------|---------|
|                                | 2010 жылы | +/- (%) | 2011 жылы | +/- (%) |
| Есірткі қылмыстарының барлығы: | 8795      | 100%    | 4360      | 100%    |
| ІІМ                            | 8322      | 94,6    | 4066      | 93,25   |
| ҰҚК                            | 308       | 3,5     | 185       | 4,24    |
| Қаржымині КБК                  | 159       | 1,8     | 103       | 2,36    |

Есірткі қылмыстарының ең көп саны Қостанай (421), Қарағанды (396), Шығыс Қазақстан (330) облыстарында, сондай-ақ Алматы (491) қаласында тіркелген.

Есірткі қылмыстарының құрылымында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы ҚК) «Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату» деген 259-бабында көзделген қылмыстар басым екенін атап өту қажет.

Талдау жасалып отырған кезеңде көрсетілген бап бойынша 2009 жылы барлығы 9230 қылмыс, 2010 жылы 8380 қылмыс, 2011 жылы 4034 қылмыс тіркелді.

Тіркелген есірткі қылмыстарының жалпы санынан Қазақстан Республикасы ҚК-нің 259-бабы бойынша қылмыстардың үлес салмағы 2009 жылы – 95,3%, 2010 жылы - 95,3%, ал 2011 жылы – 92,5 % құрады. Осы кезеңдерде тіркелген есірткі қылмыстарының санынан қалған тиісінше 4,7 %, 4,7 % және 7,5 % Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің « Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандысы» деген 250-бабына, сондай-ақ «Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды талан-таражға салу немесе бопсалау» деген 260-бабына, «Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтынуға тарту» деген 261-бабына, «Құрамында есірткі заты бар өңдеуге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру» деген 262-бабына, «Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды тұтыну үшін притондарды ұйымдастыру және ұстау немесе осы мақсаттар үшін үй-жайды ұсыну» деген 264 - бабына келеді.

Тіркелген есірткі қылмыстары санының төмендеуінің негізгі себебі қылмыстық заңнаманы декриминализациялауға және кейіннен осы санаттағы есірткі қылмыстарын әкімшілік құқық бұзушылықтарға жатқызылуына

байланысты 2011 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 259-бабының 1-бөлігін алып тастау болып табылады;

4) алынатын есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар көлемінің ұлғаюы.

Жалпы 2009 жылдан бастап заңсыз айналымнан алынатын есірткінің жалпы салмағының артуы байқалады, мәселен 2009 жылы - 27 780 594, 916 кг, 2010 жылы 2,3% (27,7 тоннадан 28,4 тоннаға дейін) көбейді, олардың ішінде 82,3% - Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ИМ), 15,6 % - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі - ҰҚК), 2,1 % - Кедендік бақылау комитетінің (бұдан әрі - КБК) үлесінде. 2011 жылы 19,64 % (28,4 тоннадан 33,998 тоннаға дейін) өсті, олардың 68,06 % - ИМ-нің, 30,86 % - ҰҚК-нің, 0,8 % - КБК-нің, 0,5 % - Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (бұдан әрі - ЭҚСЖҚКА) үлесіне келеді;

5) анықталған контрабанда фактілері санының және заңсыз жолмен келіп түскен алынған есірткі көлемінің азаюы.

2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы есірткі құралдары, психотроптық заттар контрабандасының (Қазақстан Республикасы ҚК-нің 250-бабы) тіркелген фактілері санының төмендеу үрдісі 2010 жылы 11,4 % (273-тен 242-ге дейін) және 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылы 18,2 % (242-ден 198-ге дейін) сақталғанын атап өткен жөн.

Елдің аумағы арқылы есірткі, атап айтқанда героин контрабандасы көлемінің қысқаруы алдыңғы бағдарламаларды іске асыру шеңберінде оңтүстік шекаралардың нығайтылуына, сондай-ақ қазіргі уақытта ТМД кеңістігінде ең қатал болып табылатын есірткіге қарсы ұлттық заңнаманың қатаңдатылуына байланысты.

Осыған орай есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды жасап, анықталған адамдар санының 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы 12% және 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылы 38,2% (6329-дан 2423-ке дейін) азайғаны байқалады;

б) әкімшілік жауапкершілікке байланысты құқық бұзушылықтар санының ұлғаюы.

2011 жылдың қорытындысы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдардың саны 5161 адамды құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 3,35 % көп - 4 9 8 8 адам.

### 3. Нашақорлыққа байланысты ахуал

Есірткіге тәуелділіктің пайда болуы жеке субъект сияқты, жалпы қоғамның да өмір сүру салтын қалыптастыруға айтарлықтай әсер ететін қазіргі заманғы қоғамның елеулі проблемаларының бірі болып табылады, ол бүгінде халықтың кейбір топтарында, әсіресе жастар арасында кең таралған.

Есірткі патологиясының өсуімен қатар АИТВ жұқтырған контингенттің, гепатит, туберкулез диагнозы бар есірткіге тәуелділер санының өскенін атап өту қажет, бұл қалыптасқан ахуалды объективті бағалаудың жаңа тәсілдерін іздеуге мәжбүрлейді. Еліміздің әлеуметтік өмір деңгейі төмен бірқатар өңірлерінде тәуекел топтардың, мысалы, коммерциялық секс жұмыскерлерінің, есірткіні инъекциялық тұтынушылардың, гомосексуалистер арасында шоғырланған АИТВ эпидемиясы байқалады.

2011 жылдың соңында елімізде АИТВ жұқтырудың 15771 фактісі тіркелген, оның ішінде ЖИТС-мен ауыратындар 1178 адам. Қазіргі уақытта Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары ЖИТС/АИТВ таралуының негізгі ошақтары болып табылады, оларда 100 мың тұрғынға 95,2 оқиға тіркелген.

2009 жылы денсаулық сақтау органдарында есірткіге тәуелді 54 081 адам (2008 жылы – 54 669, төмендеу 1,1%) есепке қойылған. 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы есірткіні теріс пайдаланатын адамдар саны 7,9 % (54081-ден 49795-ке дейін) азайды. 2011 жылы да осыған ұқсас ахуал сақталды: есірткіні теріс пайдаланатын адамдар санының азаюы жалғасуда. 2010 жылмен салыстырғанда 2011 жылдың ұқсас кезеңінде 6,1% төмендеу (49795-тен 46766-ға дейін) болды.

Сонымен бірге есепке қойылғандардың жалпы санының төмендеуі аясында психотроптық заттарды тұтынатындар санының өсуі жалғасуда (2009 жылы 3846-дан адамнан 2010 жылы 4029 адамға дейін және 2011 жылы 4313 адамға дейін, яғни тиісінше 4,8% және 6,6%).

2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша тіркелген есірткіге тәуелді адамдардың жалпы санынан психотроптық заттарды тұтынушылардың үлес салмағы 9,2 %, 2010 жылы 8,1 %, 2009 жылы 7,1 % құрады.

Тіркелген есірткіге тәуелді адамдардың жалпы санынан 2009 жылы - 12602, 2010 жылы - 12632, 2011 жылы 12688 адам каннабиноидтерді (марихуана және одан жасалатындар) тұтынушы болып табылады.

Героинді тұтынушылар санының 2010 жылы 10,3 % (27852-ден 24970-ке дейін), 2011 жылы 9,7 % (24970-тен 22545-ке дейін) азайғаны байқалады.

Осылайша, тіркелген есірткіге тәуелділердің жалпы санынан 24970 адам (50,1%) героин тұтынушылар болып табылады (2009 жылы 27852, бұл 51,5% құрады). 2010 және 2009 жылдармен (тиісінше 22545 адам, 24970 адам және 27852 адам) салыстырғанда 2011 жылы героинге тәуелді адамдар санының азаюы алдымен қайтыс болуына байланысты есептен алынған адамдар санының 2010 жылы 10,8% азаюына (1031-ден 920-ға дейін) және 2011 жылы 2,1 % (920-дан 940-қа дейін) шамалы өсуіне әкеп соқты.

Еліміздің өңірлері бойынша 2010 және 2011 жылдары өлім деңгейі Алматы қаласында (тиісінше 247 және 275 оқиға, олардың ішінде есірткі дозасын

шамадан тыс арттырудан 17 және 18 оқиға), Павлодар (93 және 87 оқиға, олардың ішінде есірткі дозасын шамадан тыс арттырудан тиісінше 12 және 8 жағдай), Шығыс Қазақстан (83 және 118 оқиға, олардың ішінде есірткі дозасын шамадан тыс арттырудан тиісінше 10 және 18 оқиға) облыстарында жоғары б о л ы п қ а л у д а .

2011 жылдың қорытындысы бойынша есірткіге тәуелді адамдар арасындағы өлім деңгейінің Жамбыл (62 оқиға), Қостанай (59), Алматы (49 оқиға), Солтүстік Қазақстан (36 оқиға) облыстарында жоғары күйінде қалуы жалғасуда.

2009 және 2010 жылдармен салыстырғанда есірткіге тәуелді жастар санының төмендегені байқалады, мәселен 2009 жылға қарағанда 2010 жылы төмендеу 21,3% (34867-ден 27427 адамға дейін), 2010 жылға қарағанда 2011 жылы 17,27% (27427-ден 22690 адамға дейін) құрады.

2009 - 2011 жылдар ішінде есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға тәуелді анықталған 14 жасты қоса алғанда оған дейінгі және 15-тен 17 жасқа дейінгі есепте тұрған кәмелетке толмағандар санының азайғаны байқалады (2009 жылы – 346, 2010 – 231, 2011 – 54), 2009 жылға қарағанда 2011 жылы төмендеу 44,5% құрады.

Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланатын адамдар санының азаюы медициналық ұйымдардың, ішкі істер органдарының есірткі теріс пайдаланатын адамдарды анықтау үрдісінің төмендеуіне, оқу орындарының беделін, мәртебесін түсірмеу үшін білім беру органдарының орын алған проблемаға назар аударуға ниеттенбеуіне, ата-аналардың тарапынан тиісті бақылаудың жоқтығына байланысты болуы ы қ т и м а л .

Бұл тұжырым 2-кестеде көрсетілген жас шамаларының топтары бойынша есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланатын адамдарды есепке қоюдың нәтижелері туралы мәліметтерді салыстырумен расталады.

2-кесте

| жыл  | Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланатын адамдардың барлығы |           |                               |                            |           |                            |                                           |                                                            |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-------------------------------|----------------------------|-----------|----------------------------|-------------------------------------------|------------------------------------------------------------|
| 1    | 2                                                                                                | 3         | 4                             | 5                          | 6         | 7                          | 8                                         | 9                                                          |
|      | 14 жасты қоса алғанда оған дейін                                                                 | 15-17 жас | 14 жасқа дейін және 15-17 жас | олардың ішінде тәуелділері | 18-30 жас | олардың ішінде тәуелділері | Барлық өсуі (6-бағанға қарағанда 4-баған) | олардың ішіндегі тәуелділері (7-бағанға қарағанда 5-баған) |
| 2009 | 605                                                                                              | 3076      | 3681                          | 346                        | 25175     | 16136                      | 85,30%                                    | 97,85%                                                     |
| 2010 | 523                                                                                              | 2416      | 2939                          | 231                        | 24077     | 15342                      | 87,80%                                    | 98,40%                                                     |
| 2011 | 442                                                                                              | 2171      | 2613                          | 153                        | 20423     | 13111                      | 87,20%                                    | 98,80%                                                     |

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер комитеті ұсынатын 1Н нысанына (Есірткі

құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және оларды тұтынатын адамдар туралы, 7-бөлім. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланатын адамдарды есепке қою нәтижелері туралы мәліметтер) сәйкес алынған 2-кестенің деректерін ескерсек, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланатын адамдар санының 14-17 жас санатының жалпы санына қарағанда 18-ден 30 жасқа дейінгілер саны (2009 жылы - 85,3%, 2010 жылы - 87,8%, 2011 жылы - 87,2%), оның ішінде тәуелділер саны (2009 жылы - 97,85%, 2010 жылы - 98,4%, 2011 жылы - 98,8%) күрт өскенін байқауға болады.

Практика көрсеткендей, нашақорлықтың жасырын құрамдас бөлігін барынша азайтуға жақсы ұйымдастырылған наркологиялық есеп жүйесі арқылы ғана қол жеткізуге болады. Осыған байланысты республикадағы есірткі ахуалының нақты көрінісін көрсететін ақпараттық-есепке алу және мониторинг жүйесін жетілдіру осы бағыттағы маңызды қадам болуы тиіс.

Осы мақсатта нашақорлықтың алдын алу және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында ведомствоаралық өзара іс-қимылды және халықаралық ынтымақтастықты дамыту қажет.

#### 4. Есірткі бизнесіне байланысты ахуал

Бүгінгі күні қазақстандық қоғамның алдында тұрған көптеген проблемалардың арасында ел халқының денсаулығына және жалпы ұлттық қауіпсіздікке төнетін жаһандық қауіп ретінде есірткі бизнесі мен нашақорлықтың өсу проблемасы барған сайын сенімді түрде алғашқы орындардың біріне шығуда.

Есірткінің заңды айналымын бақылау бөлігінде және нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы ІІМ Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы ІІМ ЕБҚКК) Қазақстан Республикасында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылаудың жүзеге асырылуын реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілерге, оның ішінде :

1) Кеден одағы шеңберінде есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелу/әкету/транзиті тәртібі туралы ережеге;

2) Бақыланатын заттар тізіміне енгізілген синтетикалық каннабиноидтарды бақылауға ;

3) өткізу мақсатынсыз есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды ұстау қағидаларын бұзғаны үшін жазаны қатаңдату мәселесіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты белгілі бір жұмыс атқарды .

ЕурАзЭҚ-ның Кеден одағында тарифсіз реттеу шеңберінде Кеден одағының аумағында бақылауға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың бірыңғай тізбесін ұлттық деңгейде бекіту бойынша жұмыс жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 ақпандағы № 377-IV Заңының 13, 14, 15-баптарына сәйкес ІІМ-нің Есірткі бизнесіне қарсы күрес комитеті Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігімен және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетімен бірлесіп:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері бойынша;

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру парағының нысандары бойынша;

3) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру мәселелері бойынша бірлескен бұйрықтар әзірледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 қазандағы № 1100 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесін жетілдірудің 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасының Іс-шаралар жоспарының 6-тармағын іске асыруға сәйкес Байланыс және ақпараттандыру министрлігінің жәрдемімен ІІМ-нің ЕБҚКК 2009 жылдың тамызынан бастап ақпараттық жүйе - «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасын пайдалануға енгізудің пилоттық фазасын іске асыруды бастады. Қазіргі уақытта есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке мемлекеттік лицензия беру электрондық форматта жүзеге асырылады.

Осы база лицензиялық-рұқсат құжаттарын беру рәсімін оңайлатуға, құжат айналымын азайтуға, лицензиар органдардың мүдделі мемлекеттік органдармен және жеке кәсіпкерлік субъектілерімен ақпарат алмасу мүмкіндігі мен қолжетімдігін қамтамасыз етуге арналған.

Нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың қабылданып жатқан шараларына қарамастан, есірткі бизнесі өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

Тұтынушы орта бар кезде ауған героинінің есірткі трафигі арналарын толығымен жабудың өзі нашақорлықты жоюды қамтамасыз етпейді, ол тек есірткінің басқа түрлерін жеткізудің қосымша жаңа нысандары мен арналарының

құрылуына әкеп соғады. Қазақстан аумағын есірткіні тасымалдау үшін транзиттік дәліз ретінде пайдаланудан халықаралық есірткі синдикаторлары мен ұйымдасқан қылмыстық топтардың зор табыс алуы біздің азаматтарымызды есірткі тұтынуға және таратуға көптеп тарту үшін алғышарттар мен жағдайлар ж а с а й д ы .

Бұл өткізумен байланысты тіркелген есірткі қылмысы санының өсуіне ықпал е т е д і .

ҚК-нің «Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату» деген 259-бабының «Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз сатып алу, тасымалдау немесе сақтау, дайындау, өңдеу, жөнелту не өткізу» деген 2-бөлігінде көзделген қылмыстардың саны 2010 жылы 378-ден 2011 жылы 494-ке дейін 30,7% өсті, 2009 жылы 396 қылмыс тіркелсе, 2010 жылы 378 қылмыс тіркелді (4,5% төмендеді).

2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасы ҚК-нің «Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату» деген 259-бабының «Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды өткізу, дайындау, ұқсату, жөнелту мақсатында ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қоғамдастық жасаған заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау не өткізу» деген төртінші бөлігінде көзделген тіркелген және құқық қорғау органдары анықтаған қылмыстар санының азайғаны байқалады - 82,2 %, бірақ осы баптың төртінші бөлігінің «а» тармақшасына (ұйымдасқан топ және қылмыстық қоғамдастық жасаған есірткі қылмыстары) қатысты 2009 жылы 100% өскені байқалады (50-ден 100 қылмысқа дейін, олардың 67-і ІІМ-нің үлесіне келеді).

Алайда осы санаттағы қылмыстарды анықтау ахуалы тұрақты емес, 2010 және 2011 жылдары 43,28 % (67-ден 38-ге дейін) төмендеу байқалады.

Қазақстан аумағы арқылы өтетін есірткі транзитінің арналарын жабу бойынша жүйелі шараларды әзірлеу мәселелері 2010 жылы Үкімет отырыстарында бірнеше рет қаралды. Қабылданған шешімдерді іске асыру есірткі контрабандасына байланысты қылмыстардың көп санын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл ретте Мемлекеттік шекарада бақылауды тікелей жүзеге асыратын ҰҚК Шекара қызметі мен кеден органдары бөліністерінің есірткі контрабандасының жолын кесу жөніндегі іс-шараларды орындау басымдығына назар аударылды. Республика бойынша барлық есірткі қылмыстарынан есірткі контрабандасы фактілерін анықтаудың үлес салмағы 2009 жылы 2,8 % (273), 2010 жылы 2,75 % (242), 2011 жылы 4,54 % (198) құрады. Алайда, қазіргі уақытта 2009 жылға қарағанда есірткі контрабандасына байланысты қылмыстардың саны 27,5 % төмендеп отыр (2009 жылғы 273-тен 2011 жылы 198-

г е

д е й і н ) .

Есірткі тұтыну салдарынан 2009 жылғы 352 қылмыс жасалса, 2010 жылы 499 қылмыс жасалған, бұл 41,8 % артық, бірақ осы санаттағы қылмыстың 2010 жылға карағанда 25,5 % азайғаны байқалады, 2011 жылы 372 қылмыс жасалған. 2009 жылға карағанда 2010 жылы есірткі қылмыстарын жасаған әйелдер саны 11,4% ( 761-ден 674-ке) төмендеген, 2011 жылы әйелдер жасаған есірткі қылмысы 58,2 % азайып, 674-тен 282 қылмысқа дейін төмендеді.

Алайда есірткі тұтыну салдарынан қылмыс жасаған әйелдер саны 2010 жылы 19,2% (26-дан 31-ге) өсті, бірақ 2011 жылы Қазақстан Республикасы ҚК-нің 259-бабының 1-бөлігін декриминализациялаудың нәтижесінде 22,6 % (31-ден 24-ке д е й і н ) тө м е н д е д і .

Кәмелетке толмағандар 2009 жылғы 8 қылмыс жасаса, 2010 және 2011 жылдары 11 және 8 есірткі қылмысын жасады. Сондай-ақ кәмелетке толмағандар есірткі тұтынудың салдарынан 2009 жылғы 5 қылмыс жасаса, 2011 жылы 3 қ ы л м ы с ж а с а д ы .

Есірткі құралдарының заңсыз айналымымен байланысты есірткі қылмыстарын жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдардың контингенті арасында, әдетте, 20-дан 35 жасқа дейінгі ер адамдар б а с ы м .

Ішкі істер органдары «бақыланатын жеткізілім» әдісі бойынша 2009 жылы 24 арнайы іс-шара, оның ішінде 7 сыртқы (Қырғызстан – 3, Ресей – 4), 2010 жылы 29 бақыланатын жеткізілім, оның ішінде 3 сыртқы (Ресей Федерациясының ЕБФҚ және ИМ), 2011 жылы 23 «бақыланатын жеткізілім», оның ішінде 3 сыртқы (Қырғызстан) арнайы іс-шара өткізді.

Тиісті қылмыстық санкцияларды қолданысқа енгізген сәттен бастап 100-ден астам есірткі қылмыскері 12 жылдан 20 жылға дейін және 1 адам өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталды.

### 3-кесте

| Көрсеткіштердің атауы              | ИМ             |                |                | ҰҚК            |                |                | Қаржымині КБК  |                |                |
|------------------------------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|----------------|
|                                    | 2009 ж. 12 айы | 2010 ж. 12 айы | 2011 ж. 12 айы | 2009 ж. 12 айы | 2010 ж. 12 айы | 2011 ж. 12 айы | 2009 ж. 12 айы | 2010 ж. 12 айы | 2011 ж. 12 айы |
| Анықталған есірткі қылмыстары      | 9126           | 8322           | 4066           | 363            | 308            | 185            | 203            | 159            | 103            |
| Есірткі өткізу                     | 2313           | 2338           | 2292           | 274            | 228            | 101            | 22             | 16             | 17             |
| ҚР ҚК 259-бабының 4-бөлігі бойынша | 67             | 51             | 38             | 33             | 16             | -51,5          | 0              | 0              |                |

Сонымен бірге соңғы жедел деректер Түрікменстан арқылы: Ауғанстаннан Иранға, одан әрі Түрікменстанға, Қазақстанға, Ресейге және ТМД елдеріне,

Еуропаға өтетін жаңа бағыттың пайда болғанын көрсетеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыстың алдын алу басқармасының (бұдан әрі – БҰҰ-ның ЕҚБ) және ТМД-дағы әріптестердің ақпараты бойынша «Каспий» бағыты деп аталатын тағы бір жаңа бағыттың пайда болғаны туралы деректер бар. Бұл бағыт бойынша ауған героинінің Ираннан теңіз жолымен Әзірбайжан порттарына және одан әрі Кавказ өңірінің елдеріне, Украинаға, Ресейге және Еуропаға транзиті жүзеге асырылады, Ресеймен бірлескен шекараларды ескерсек, бұл болашақта Қазақстан үшін қауіп т у д ы р у ы м ү м к і н .

Талдау көрсеткендей, 17% оқиғада героин автокөлікпен тасымалдау кезінде алынған, 7% - тасымалдауды адамдар тобы жүзеге асырған, 20% - курьерлер мен ө т к і з у ш і л е р ә й е л д е р б о л ғ а н .

2009 және 2010 жылдардың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 2010 жылы және 2011 жылы алынған есірткі құралдарының түрлері бойынша ең көп алынғаны марихуана, героин, гашиш, апиын (4-кесте) болып табылады.

#### 4-кесте

| Есірткі құралдарының атауы | 2009 жыл           |              | 2010 жыл           |              | 2011 жыл           |              |
|----------------------------|--------------------|--------------|--------------------|--------------|--------------------|--------------|
|                            | Жалпы салмағы (кг) | Үлес салмағы | Жалпы салмағы (кг) | Үлес салмағы | Жалпы салмағы (кг) | Үлес салмағы |
|                            | 27954,389          |              | 28417,918          |              | 33998,428          |              |
| марихуана (каннабис)       | 26157              | 94,1%        | 27348              | 96,3%        | 27,380             | 80,5%        |
| апиын                      | 171,9              | 0,6%         | 168,3              | 0,6%         | 11,365             | 0,03%        |
| героин                     | 731,6              | 2,6%         | 323,3              | 1,1%         | 306,7              | 0,9%         |
| гашиш, анаша               | 556,9              | 2,0%         | 417,0              | 1,5%         | 343,42             | 1,01%        |

4-кестеде 2011 жылы алынған еліміз үшін дәстүрлі есірткі құралдары көлемінің өскені көрінеді, алайда мемлекет бақыламайтын бірқатар дәрілік препараттарды медициналық емес мақсатта тұтынумен байланысты оқиғалардың б а р е к е н і н е с к е р у қ а ж е т .

Осылайша, еліміздің аумағында құрамында кодеині бар дәрілік препараттарды медициналық емес пайдаланумен байланысты ахуал терең зерделеуді және олардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды анықтау және ескерту бойынша қосымша шараларды ықтимал қабылдауды қажет етеді.

Құрамында есірткі бар препараттардың заңды айналымы шеңберінде бақылаудың тиісті шараларын қабылдамау дәрілік құралдардан есірткі дайындаумен байланысты жаңа бағыттың дамуына мүмкіндік беруі және соның салдары ретінде есірткі құралдары бағасының төмендеуінен есірткі ахуалының к ү р т н а ш а р л а у ы м ү м к і н .

Жоғарыда баяндалғандар есірткінің заңсыз айналымы фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша мемлекеттік және басқа да органдар арасындағы

өзара іс-қимылды нығайту, сондай-ақ есірткі ахуалы мен есірткі құралдарының жаңа түрлері туралы өзара ақпарат алмасу шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту қажеттілігін көрсетеді.

## 5. Нашакорлықтың алдын алу, емдеу және оңалту Бастапқы профилактика.

Нашакорлық психикалық белсенді заттарды теріс пайдаланудың алдын алуды ұйымдастыруда шешуші және белсенді әрекеттердің өткір қажеттілігін тудыратын біздің қоғамымыздың ең маңызды проблемаларының бірі болып табылады.

Профилактиканың үш деңгейі бар: бастапқы, екінші және үшінші.

Есірткіге тәуелділіктің бастапқы профилактикасының мақсаты бұрын есірткі тұтынбаған адамдардың оны тұтынуды бастауының алдын алу болып табылады. Ол көбіне әлеуметтік, анағұрлым бұқаралық болып табылады, балалардың, жасөспірімдердің, жастардың жалпы популяциясына бағытталады, күш-жігер арудың дамуын ескертуге ғана емес, денсаулықты сақтау не нығайту қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Психикалық белсенді заттарды теріс пайдаланудың және нашакорлық профилактикасының мемлекеттік жүйесі қалыптасуының осы кезеңінде алдын алу қызметінің мақсаттары:

1) балалар мен жастардың есірткіге құндылық ретіндегі көзқарасын өзгерту, бала-жастар популяциясында психикалық белсенді заттарға сұранысты төмендетуге негізделген өз мінез-құлқы үшін жеке жауапкершілікті қалыптастыру;

2) салауатты өмір салтын насихаттау есебінен есірткі құралдарын қабылдауға балалар мен жастарды еліктіруді тежеу, білім беру мекемелерінің қызметкерлерімен бірлесіп жүзеге асырылатын есірткіге қарсы ұстанымдар мен алдын алу жұмысын қалыптастыру болып табылады.

Профилактика есірткі тұтынуды және балалар мен жасөспірімдер арасында нашакорлықтың өсуін ертерек ескертуді көздейді және оның ортасында кәмелетке толмағанның жеке тұлғасы және онымен байланысты шағын әлеуметтік ортаны қоса алғанда, оның тіршілік әрекеті іске асырылатын үш негізгі сала – отбасы, білім беру мекемесі және бос уақыты болатынына негізделген.

Барлық сәттерді ескерсек, тежеу стратегиясы анағұрлым барабар профилактика болып табылады. Бүгінгі күні есірткіні тұтынуды толықтай ескерту және нашакорлықтан арылу туралы мәселе мүлде шынайы емес.

Бұған дейін іске асырылған 2009 – 2011 жылдарға арналған Бағдарламаның шеңберінде жастар мен үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік органдардың есірткіге қарсы қызметін

үйлестіру жөніндегі жұмыс жалғастырылған болатын.

Бастапқы профилактикалық бағытта:

1) 2011 жылдың 12 айында профилактикалық сипатта 8224 іс-шара өткізілді (2010 жылы – 6,6 мың, 2009 жылы – 9,1 мың). Оның ішінде 558 акция (25,4% өсті, 2010 жылы - 416), 511 семинар (40,7% өсті, 2010 жылы - 303), 5840 дәріс пен кездесу (24,0% өсті, 2010 жылы - 4437), 548 дөңгелек үстел (26,5% өсті, 2010 жылы - 403), 767 спорттық жарыс пен турнир (25,5% өсті, 2010 жылы - 571);

2) ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін шаралар қабылданады. Денсаулық сақтау және білім беру органдарымен өзара іс-қимыл жасаса отырып, 4765 іс-шара өткізілді (22,0% өсті), мектептегі полиция инспекторларымен – 5200 (+34,8%), өңірлік комиссиялардың қызметі шеңберінде – 4661 (15,0% өсті), үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп – 1701 (23,1% өсті), ЖОО-да – 1782 (15,3% өсті), жүргізілген іс-шаралармен халықты жалпы қамту 463,9 мыңнан астам (42,7% өсті) адамды құрады. Есірткіге қарсы бағытта 8,1 мыңнан астам (5,0% өсті) материал жарияланды, оның ішінде баспасөзде – 2686 (3,1% өсті), телевидениеде – 2978 (9,6% өсті), радиода – 1518 (6,3% өсті), ақпараттық агенттіктерде – 1250 (5,4% өсті);

3) 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарламаның іс-шаралар жоспарын іске асыру кезеңінде, жалпы алғанда 1 млн. астам адамды қамти отырып, жастар арасында нашақорлықтың бастапқы профилактикасына бағытталған 23 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды.

Денсаулық сақтау министрлігі Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп:

1) Павлодар, Тараз, Қарағанды қалаларында орта білім беретін оқу орындарының педагогтары, психологтары үшін «Орта білім беретін мектеп оқушыларында психикалық белсенді заттарға тәуелділіктің қалыптасу және даму тәуекелдерін ерте анықтау тәсілі» семинар-тренингтері өткізілді. Жетпіс төрт мектепте психикалық белсенді заттарға тәуелділікке тарту тәуекелдерін психологиялық тестілеу бойынша компьютерлік жүйелер орнатылды, үлестіру материалдары ұсынылды, онда наркологиялық бейін бойынша «тәуекел топтарымен» психикалық түзеу жұмысының ең үздік практикалары жинақталған;

2) дене шынықтыру және спорт арқылы есірткі тұтынудың алдын алу бойынша жүйелі шаралар қабылданады, оқу орындарында «Спорт есірткіге қарсы», «Туризм есірткіге қарсы» девиздерімен іс-шаралар жүйелі негізде өткізіледі.

Туризм және спорт министрлігінің деректері бойынша балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта республикада шамамен 29 мың спорттық секция, 7133 спорт залы, 31266 спорт

кешені, 251 стадион, 423 хоккей корты жұмыс істейді.

Коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдардың (бұдан әрі – КЕҰ) қолдауы бойынша іс-шаралар өткізілді, «Нашақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу» жобасы іске асырылды, оның шеңберінде Қазақстанда және ТМД елдерінде бейінді КЕҰ бойынша мекенжайлары, байланыс телефондары мен сенім телефондары енгізілген деректер базасы құрылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және нашақорлықтың алдын алу саласында отандық және шетелдік тәжірибеге талдау жүргізілді, оның негізінде әдістемелік ұсынымдар дайындалды.

Мектептегі және отбасылық есірткіге қарсы бейнетекалар, қағаз және магнитті тасымалдағыштарда есірткіге қарсы мектеп кітапханасы құрылды, «Тиімді отбасының өзіндік оқу құралы» мен «Тиімді ата-ананың өзіндік оқу құралы» дайындалды.

Осылайша, бұрын іске асырылған Бағдарламаның шеңберінде қабылданған шаралар белгілі бір нәтижелер берді, олар елдегі есірткі ахуалын жақсартуға мүмкіндік берді.

Бұл ретте есірткіге тәуелділіктің алдын алу жөніндегі жұмысты күшейтуді жалғастыру қажет, себебі бұл проблема сыртқы факторлардың ықпалына байланысты ұдайы туындайтын әлеуметтік сипатқа ие.

Есірткіні теріс пайдаланудың жағымсыз бағытталған профилактикасы, яғни дәстүрлі проблемалық бағытталған тәсіл, есірткі қабылдаудың теріс зардаптарына баса назар аудару қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етпейтінін атап өту қажет. Спецификалық проблемалық бағытталған әсерлердің қажет екені сөзсіз, бірақ жеткіліксіз. Есірткіні теріс пайдалануды ескерту проблемасын тек олардың негізінде шешу мүмкін емес, себебі психикалық және жеке тұлғаның теріс бейімделуін тудыратын және балалар мен жастардың қайта-қайта есірткі тұтыну ниетін оятатын себептер жойылмайды.

Сондықтан патологияға, проблемаға және оның зардаптарына емес, проблемалардың туындауынан қорғайтын денсаулық әлеуеті – психика мен жеке тұлғаның ресурстарын игеруге және ашуға, жас адамды қолдауға және оған өзінің өмірлік мақсатын өзі іске асыруда көмек көрсетуге бағытталатын оң профилактика жүйесін құруды бастапқы профилактиканың негізгі басымдығы ретінде қарастырған жөн. Оң бағытталған бастапқы профилактиканың айқын мақсаты өз психологиялық қиыншылықтары мен өмірлік проблемаларын дербес жеңуге қабілетті, есірткіні қабылдауға мұқтаж емес, психикалық жағынан сау, жеке басы дамыған адамды тәрбиелеуден тұрады.

Қазіргі уақытта өңірлік деңгейде жүргізіліп жатқан есірткіге қарсы профилактикалық іс-шаралар бірыңғай жүйені құрамайды. Кейбір өңірлерде өңірлік мақсатты бағдарламаларды қабылдау қисынсыз ұзаққа созылды,

нашақорлықтың таратылуына қарсы күрестің нысаналы қорлары қалыптастырылмайды, бұл бөлінген бюджет қаражаттарының жетіспеушілігін өтеуге мүмкіндік бермейді.

Өңірлік бағдарламаларда есірткіге қарсы ағарту жұмысына жеткілікті көңіл бөлінбейді. Ол ақпараттық тәсілге негізделген тиімділігі аз әдістермен (дәріс оқу) жүргізіледі. Балалармен және жасөспірімдермен есірткіге қарсы жұмысқа отбасылар, тұрғылықты жері бойынша қоғамдық ұйымдар жеткілікті дәрежеде белсенді тартылмайды.

Осы жағдайларда психологтардың, педагогтардың, психиатр-наркологтардың, әлеуметтік қызметтер мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ведомствоаралық және пәнаралық өзара іс-қимыл жасасуына негізделген психикалық белсенді заттарды теріс пайдаланудың белсенді бастапқы профилактикасының республикалық және өңірлік деңгейлерде шынайы жұмыс істейтін жүйесін құру міндеті анағұрлым өзекті болады. Бастапқы профилактика жүйесінің алғашқы, базалық қағидаттары мынадай ережелер болуы тиіс:

1) есірткі, психикалық белсенді заттардан тәуелділікті емдеуден гөрі оның алдын алу оңай;

2) наркологиялық ахуал жағдайларында кәмелетке толмағандарды есірткіні тұтынуға арандататын агрессивті ортаға қарсы тұрудың өмірлік дағдыларына үйретуге мақсатты бағытталған назар аударған жөн;

3) мақсатты әсер ету кешенді болуы және жеке, отбасылық және әлеуметтік (мектеп, қоғам) деңгейлерде жүзеге асырылуы тиіс.

Екінші профилактика.

Көптеген оқиғаларда есірткіні тұтынуға жаңа адамдарды тартуды ескерту жеткіліксіз екенін, екінші профилактиканы қолдану қажеттілігі туындайтынын атап өту қажет.

Есірткіге тәуелділіктің екінші профилактикасы таңдаулы болып табылады, есірткіні тұтынып көрген адамдарға не оның бастапқы сатысында есірткіге тәуелділіктің қалыптасу белгілері бар адамдарға бағытталған. Екінші профилактикалық әсер етуге қажеттілік ауру туындауы (тәуекел тобына арналған профилактика) мүмкін не ол туындаған, бірақ өзінің даму шегіне жетпеген жағдайларда пайда болады.

Профилактикалық қызметтің мақсаты есірткіні тұтынуға жаңа адамдарды тартуды ескерту ғана емес, есірткі тұтынушыларды ерте анықтау, есірткінің субмәдениетіне тартылып қойған адамдардың жалпы санын төмендету болып табылады. Бұл салада пәрменді құрал әкімшілік практика болып табылады.

Алдын алу, оның ішінде есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты бағыттағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу халық арасындағы нашақорлықтың алдын алу

саласында құқық қорғау органдарының алдында тұрған басым міндеттердің бірі  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2011 жылы ішкі істер органдары есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты 5161 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 3,5% көп - 4988 адам.

Әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар санының өсуі бойынша жастар бірінші орында, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 26,8%  
к ө п .

Статистикалық деректерге сәйкес Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының ӘҚБтК) «Жабайы өскен сораны жоюға шара қолданбау» деген 318-бабында, «Жүргізушінің алкогольден, есірткіден және (немесе) уытқұмарлықтан мас күйінде көлік құралын жүргізуі, сол сияқты көлік құралын жүргізуді алкогольден, есірткіден және (немесе) уытқұмарлықтан мас күйдегі адамға беру» деген 467-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін 1558 адам жауапқа тартылды. Олардың ішінде 1063 адамға қамау түрінде, 898 адамға арнайы құқықтан айыру түрінде, 729 адамға айыппұл түрінде жаза тағайындалды.

Салынған айыппұл сомасы 8 511 883 теңгені (2010 жылдың ұқсас кезеңінде 4 304 105 теңге, өндіріп алынғаны 3 976 713 (2009 жылы - 2 372 464 теңге) құрады.

Өндіріліп алынбаған айыппұл сомасы 4 535 170 теңгені немесе 53,3% құрайды. Есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтарды олардың жасалған жері бойынша анықтауды талдаудың уақтылы алдын алу шараларын қабылдау үшін зор маңызы бар екенін атап өткен  
ж ө н .

Алайда, құқық қорғау органдарының өткен кезеңдегі жұмысын талдай отырып, әкімшілік заңнаманың тиісті түрде қолданылмағанын атап өтуге болады.

Мәселен, статистикалық деректерге сәйкес 2009 жылы Қазақстан Республикасы ҚК-нің 259-бабында көзделген қылмыстар туралы 6198 арыз бен хабарлама бойынша, 2010 жылы - 5225, 2011 жылы 4778 факт бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартылды, бұл бас тарту материалдары санының көбейгені, құқық қорғау және арнайы органдар қызметкерлерінің қылмыстық іс қозғау үшін ұсынатын материалдарының сапасы төмендегені туралы айтуға мүмкіндік береді (5-кесте).

5-кесте

| ҚР ҚК бабы | Қылмыстар туралы тіркелген арыздар, хабарламалар саны, оның ішінде бір факт бойынша АЕАК-да бұрын тіркелгендерге қосылғаны | Қылмыстық іс қозғаудан бас тартылғаны | Оның ішінде ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігі, 2-т. | ҚР ӘҚБтК 320-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны |
|------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
|            |                                                                                                                            |                                       |                                               |                                                                |

|                | 2011 жыл | 2010 жыл | 2009 жыл | 2011 жыл | 2010 жыл | 2009 жыл | 2011 жыл | 2010 жыл | 2009 жыл | 2011 жыл | 2010 жыл | 2009 жыл |
|----------------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|
| ҚР ҚК 259-бабы | 11201    | 16111    | 18077    | 4778     | 5225     | 6198     | 4683     | 5038     | 5979     | 3146     | 2643     | 2706     |

Келтірілген кестедегі деректер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдардың тең жартысына жуығы жазасыз қалғанын көрсетеді.

Мұның себептері есірткіні алу фактілерін бекіту тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзу және әкімшілік істерді уақтылы ресімдемеу болып табылады, осының нәтижесінде кінәлі адамдар жазаланбай қалады. Әкімшілік заңнаманы тиісінше қолданбау құқық қорғау органдарының қызметкерлерінде жұмыс тәжірибесі аз болуының, практикалық жұмыс дағдылары жоқтығының салдары болып табылады. Ал жүргізілген реформаға сәйкес әкімшілік практика есірткі құралдарын, психотроптық заттарды заңсыз таратуды және тұтынуды ескерту және жолын кесу жөніндегі профилактикалық жұмыста негізгі құрал болып табылады.

Осылайша қабылданып жатқан шаралар проблемаларды толық шешкен жоқ, бұл екінші профилактика бойынша шараларды күшейтуді қажет етеді.

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіруге бағытталған және 2011 жылғы 18 қаңтарда қол қойылған заңның шеңберінде Қылмыстық кодекстің 259-бабының 1-бөлігі декриминализацияланды, онда өткізу мақсатынсыз есірткіні ірі көлемде заңсыз сақтағаны үшін жауапкершілік көзделген. Бұл есірткіге тәуелді адамдарға репрессивтік қысымды төмендету мақсатында жасалған.

Есірткінің заңсыз айналымын ескертуде және жолын кесуде, осы құбылыстың таралуына ықпал ететін себептер мен шарттарды жоюда әкімшілік-құқықтық құралдардың маңызды рөлі бар. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресті күшейту қажеттілігі осы күресте пайдаланылатын әкімшілік-құқықтық құралдарды жетілдіруді қажет етеді. Жетілдіру мынадай бірнеше бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

- 1) әкімшілік-құқықтық құралдарды белгілеуде заңнаманың рөлін арттыру;
- 2) қолда бар арсеналды толықтыратын жаңа, анағұрлым тиімді құралдарды енгізу арқылы есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестің әкімшілік құралдарының анағұрлым тиімді жүйесін құру.

Үшінші профилактика

Есірткіге тәуелділіктің үшінші профилактикасы негізінен медициналық, жеке тұлғалық болып табылады және есірткіге тәуелді науқастар контингентіне бағытталған. Үшінші профилактика науқастардың есірткіні одан әрі теріс пайдалануын ескертуге не оларды қолданудан болатын болашақ зиянды азайтуға, науқастардың тәуелділікті жеңіп шығуына көмек көрсетуге, есірткі тұтынуды тоқтатқан науқастарда аурудың қайталануын ескертуге бағытталған.

Шын мәнінде нашақорлықтың үшінші профилактикасы – бұл медициналық, психологиялық-әлеуметтік және рухани оңалту.

Нашақорлықтың үшінші профилактикасы бойынша барлық жұмыс функциялық жүйеге құрылуы тиіс, ол біріншіден нашақорлықты био-психо-әлеуметтік-рухани табиғаты бар ауру ретінде қабылдайды және екіншіден, мұқтаж азаматтарға көмекті функциялық «тізбе» нысанында қамтамасыз етеді, ол:

- 1) алғашқы ақпараттық-консультативтік көмектен;
- 2) алғашқы медициналық, психологиялық, әлеуметтік диагностикадан;
- 3) медициналық наркологиялық көмектен;
- 4) психологиялық-әлеуметтік және рухани оңалтудан;
- 5) психологиялық-әлеуметтік және рухани сүйемелдеуден, қолдаудан және көмектен тұрады.

Мақсатқа жету мынадай негізгі міндеттерді шешумен жүзеге асырылады:

- 1) есірткіні медициналық емес тұтынудың таралуын төмендету;
- 2) есірткіні медициналық емес тұтынудың таралуына ықпал ететін себептер мен шарттарды уақтылы анықтау және оларды тиімді жою бойынша кешенді іс-шараларды ұйымдастыру;
- 3) есірткіні заңсыз тұтынушыларда және оларды тұтынуға бейім адамдарда олардың емделу және оңалу ниеттерін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- 4) жоғары тәуекел топтарымен нашақорлықтың алдын алуды ұйымдастыру және өткізу;
- 5) әр түрлі типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде есірткіге қарсы тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру.

Балалар, жасөспірімдер, жастар арасында есірткіге тәуелділіктің алдын алудың әртүрлі бағдарламаларын әзірлеу және сынақтан өткізу АҚШ-та, Австралияда, Батыс Еуропада, ал соңғы жылдары Қазақстанда да барған сайын өзекті ғылыми бағыт болып отыр. Алайда тиімді профилактикалық стратегияларды құру үлкен қиындықтармен өтуде. Қолданыстағы профилактикалық бағдарламаларға шолулардың көптеген авторлары оларды енгізу оптимистік болып табылмайды деген қорытындыға келеді. Бұл бірнеше себептермен: теориялық қатаң негізделген модельдердің жетіспеушілігімен; сынақтан өткен техникалардың жеткілікті санының жоқтығымен; ықпал ету мәнінің (объектінің) дәл анықталмаумен және т.б. түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта үшінші профилактикалық бағытта есірткіге тәуелділерді диагностикалаудың, емдеудің, оңалтудың бірқатар клиникалық хаттамалары (стандарттары), сондай-ақ наркологиялық көмек пен наркологиялық қызметтер

ассортиментінің сан алуан бағдарламалары әзірленді.

Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша 2011 жылғы 1 шілдеге медициналық-санитарлық оңалтудың стационарлық бөлімшелері Алматы облысынан басқа еліміздің барлық өңірлерінде бар.

Наркологиялық көмекті ұйымдастырудың жаңартылған стандарты бекітілді, стационар жағдайында да, амбулаториялық жағдайларда да МЭО жүргізуді регламенттейтін нормативтік құқықтық акт әзірленіп, қабылданды.

Үшінші профилактикалық бағытта «нашақор» диагнозы бар адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтуға және әлеуметтік қызметтердің тиісті ассортиментін көрсетуге бағытталған бағдарламалар әзірленді. Нашақорлық пен уытқұмарлықтан емдеуден 2006 жылы 9816 адам (немесе тіркелген есірткі тұтынушылардың жалпы санынан 18,4 %), 2007 жылы 9728 (17,6 %), 2008 жылы 8360 (немесе 15,3 %), 2009 жылы 6737 (немесе 12,4 %), 2010 жылы 5326 (немесе 10,7 %) өткен.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – НМӘП РҒПО) Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен бірлесіп, апиындарға тәуелді, сондай-ақ пенитенциарлық мекемелерде 6 айдан 24 айға дейінгі мерзімде емдеу жағдайларында психикалық белсенді заттарды үйлестіріп пайдалануға тәуелді адамдарға мамандандырылған медициналық көмектің бірқатар хаттамаларын әзірлеп, бекітті.

НМӘП РҒПО қызметкерлері екінші профилактика, үшінші профилактика, рецидивке қарсы және қолдау терапиясы кезеңдерінде мотивациялық ақпараттандыру және наркологоиялық консультациялау тақырыбы бойынша бейнеқұралдар әзірледі.

Профилактиканы нақты іске асыру белсенді профилактика мен оңалтудың кешенді бағдарламасы шеңберінде ғана мүмкін болады.

Осы бағдарлама тек «тәуекел топтарымен» жұмыс істеуге және оңалту бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп қана қоймай, терапия және оңалту курсынан өткен адамдармен жұмысты жалғастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар белсенді профилактика мен оңалту бағдарламасы кешенді тәсілді және ауырғандарды белсенді анықтауды, сондай-ақ оңалту үдерісін динамикалық бақылауды қамтамасыз етеді, бұл профилактикалық бағдарламалардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Есірткіні тұтыну профилактикасының мақсаты есірткіні медициналық емес тұтыну ауқымын қысқарту, есірткі тұтынуға теріс қарым-қатынасты қалыптастыру және оған сұранысты айтарлықтай төмендету болып табылады.

Осыған байланысты тиісті проблемаларды шешуге жасөспірімдер мен жастарды тарту емес, есірткіге сұранысты төмендетуге баса назар аударатырып , нашақорлық профилактикасының жүйесін одан әрі құру қажет, өйткені соңғы жағдайда араласуды қажет ететін фокустық топ іс-шаралармен қамтудан тыс қ а л а д ы .

Сонымен қатар орын алған проблемалар мен олардың өзектілігі нашақорлықтың алдын алуды және есірткі мен оның прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөніндегі ұтымды және қолданыстағы шаралар жүйесін одан әрі іске асыру қажет екенін көрсетуге мүмкіндік береді, министрліктер мен ведомстволардың анағұрлым белсенді ұстанымдарын қажет етеді.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 – 2011 жылдарға арналған бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 мамырдағы № 784 қаулысы) іске асырылуын бағалау нәтижелері бойынша бақылаушы және қадағалаушы органдар оны іске асырудың жеткіліксіз тиімділігі туралы қорытындылар берді. Айталық, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Бағдарламаның іс-шараларын жоспарлаудың тиімсіздігі, олардың орындалуын және бөлінген қаржыландырудың жұмсалудың жеткіліксіз бақылау бөлігінде ескертулер айтты. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасауды нормативтік құқықтық реттеу бөлігінде сақталып отырған проблемалар атап көрсетілді.

Қазақстанда ағымдағы есірткі ахуалына жүргізілген талдау осы саланы дамытудың күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктер мен сала үшін қатерлерді анықтауға мүмкіндік берді.

| Күшті жақтары                                                                                                                          | Әлсіз жақтары                                                                                                                                                                                                                                        |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған тиісті қылмыстық санкциялар енгізілді. | 1. Есірткіні заңсыз таратумен күресуге, республикада осы қылмыстық бизнесті құрған қылмыстық топтарға әзірлеменен айналысуға міндетті ведомстволар табандылығының барынша аздығы.                                                                    |
|                                                                                                                                        | 2. Қазақстан Республикасында есірткі қылмысының экономикалық негіздерін бұзу бойынша тиісті шаралардың жоқтығы.                                                                                                                                      |
|                                                                                                                                        | 3. Каспий теңізі акваторийлерінде жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мақсатты бағытталған шараларды тиісті деңгейде қабылдаудың болмауы және теңіз жүк-жолаушы тасымалдарының инфрақұрылымын бақылау шараларының пәрменді жүйесінің жоқтығы. |

|                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                                                                                                 | <p>4 . М ы н а д а й</p> <p>1) Қазақстандағы заңсыз есірткі өндірісінің шикізат базасын жою ж ө н і н д е г і ;</p> <p>2) құрамында есірткі бар өсімдіктерді заңсыз егу және жабайы өсетіндердің өсу ошақтарын анықтау жүйесін жетілдіру, құрамында есірткі бар өсімдіктерді жоюға арналған химиялық заттарды қолданудың ғылыми әдістемелерін әзірлеу қажеттілігі, сондай-ақ олардағы психикалық белсенді заттар құрамын азайтуға не жабайы өсетін қарасораны өнеркәсіптік мақсаттарда қайта өңдеудің мақсатқа сай болуы туралы зерттеуді логикалық соңына дейін жеткізу жөніндегі проблеманы шешуді қабылдаудағы енжарлық.</p>                                                      |
| 2. Қазақстан халқына наркологиялық көмек жүйесінде тиісті заңнамалық актілер мен әзірленген нормативтік құқықтық база ережелерінің мүлтіксіз орындалуын бақылау бойынша нормативтік құқықтық бағыттағы іс-шараларды іске асыру. | <p>5. Есірткіге тәуелді, оның ішінде бас бостандығынан айыруға сотталға , сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту және қайта әлеуметтендіру жүйесін дамыту проблемаларының шешілмеуі.</p> <p>6. Медициналық түзетуден өткен және оңалтуда жүрген, оның ішінде сотталғандар арасындағы нашақорлық диагнозы бар адамдардың жұмыспен қамтылуының төмендігі.</p> <p>7. Қызметкерлерді қорғау жүйесінің әлсіздігіне байланысты денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің білікті мамандарының қажетті санының болмауы және олардың тұрақтамауы және соның салдары ретінде қызметкерлердің оң имиджінің жоқтығы.</p> |
| 3. Халықаралық есірткіге қарсы қызметтің белсенділігі мен тиімділігін өсіру бойынша халықаралық ынтымақтастық шеңберінде іс-шараларды іске асыру.                                                                               | <p>8. Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтендірумен және оңалтумен байланысты халықаралық практикаларды енгізудің тиісті тәжірибесінің жоқтығы.</p> <p>9. Нашақорлықтың алдын алу және есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік оңалту мен мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың тарапынан оларды қаржыландыру жөніндегі пилоттық жобалардың жоқтығы.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 4. Бастапқы профилактика жеткілікті деңгейде жүргізіледі, мемлекет жыл сайын өсіре отырып, ақшалай қаражат бөледі.                                                                                                              | <p>10. Дайындалатын медиа өнімнің сапасы халықаралық стандарттарға және әлеуметтік медиа өнімге қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.</p> <p>11. Есірткіге тәуелді адамдарды толық оңалтудың кешенді шараларының жоқтығы.</p> <p>12. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінде практикалық жұмыс дағдыларының болмауы.</p> <p>13. Есірткіні алу фактілерін бекіту тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуы және әкімшілік істерді уақтылы ресімдемеу, нәтижесінде кінәлі адамдар жазаланбай қалады.</p>                                                                                                                                           |
| Мүмкіндіктер                                                                                                                                                                                                                    | Қатерлер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 1. Мемлекеттік институттардың азаматтық қоғаммен ынтымақтастығын нығайту.<br>2. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында қолданыстағы                                                                          | <p>1. Шекаралардың жеткіліксіз нығайтылуы</p> <p>2. «Көлеңкелі есірткі бизнесі» деңгейінің өсуі</p> <p>3. Есірткі құралдарының заңсыз айналымымен байланысты құқық</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

|                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                             |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| заңнаманы жетілдіру.                                                                                                                               | бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар арасында қайталап қылмыс жасау фактілерінің көбеюі                                                                                            |
| 3. Профилактика арқылы, оның ішінде әкімшілік жауапкершілікке тарту арқылы ескерту шаралары ретінде қоғамда есірткі қылмысының деңгейін төмендету. | 4. Жұмысқа орналастыру және қайта әлеуметтендіру деңгейінің төмендігі салдарынан нашақорлық диагнозымен бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар санының өсуі                                            |
| 4. Есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандардың санын азайту.              | 5. Қазақстанның аумағын есірткі трафигі және халықты есірткіге тартумен байланысты криминалдық үдерістерді күшейту мақсатында пайдалану жөніндегі халықаралық қылмыстық қоғамдастықтар әрекетінің жандануы. |
| 5. Елдің мәдени әлеуетін дамыту, психикалық белсенді заттарды қабылдауға теріс көзқарас қалыптастыру.                                              |                                                                                                                                                                                                             |

Бағдарламаны іске асырудағы кемшіліктердің негізгі себебі мемлекеттік органдардың есірткіге қарсы қызметін ведомствоаралық үйлестірудің жеткіліксіз деңгейі, сондай-ақ қоғамдық институттармен және үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) әлсіз өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Есірткіге тәуелді адамдарды оңалту бөлігінде қолданыстағы заңнаманың жетілдірілмеуі есірткіге тәуелділерді емдеу мен әлеуметтендірудің пәрменді жүйесін құруға және сәйкесінше есірткіге тәуелді адамдар санының индикаторларына қол жеткізуге айтарлықтай әсер етуге мүмкіндік бермейді.

Профилактикалық есірткіге қарсы қызметті іске асырудағы белгілі бір қиындықтар оған үкіметтік емес секторды тартудың шектелген мүмкіндігіне байланысты туындайды.

Қазіргі кезеңде ҰЕҰ әлеуетін біржолғы қысқа мерзімді акциялар (курстар, дәрістер, акциялар) түрінде ғана пайдалануға болады. Оларды есірткіге тәуелді адамдарды медициналық-психологиялық және әлеуметтік оңалтуға тарту проблемалы болып табылады, өйткені оңалту бағдарламаларының ұзақ мерзімді кезеңі (бір жылдан бастап) бар және мамандардың үлкен тобының (медициналық персонал, наркологтар, психологтар, волонтерлер) қатысуын талап етеді. Сәйкесінше оңалту қызметіне ҰЕҰ-ны тарту кезінде ҰЕҰ-ның бейіні, оның басшыларының сенімділігі, ҰЕҰ-ның ұзақ уақыт кезеңі ішінде өз қызметін жүзеге асыру мүмкіндігі негізгі талап болады.

Қазақстан Республикасында есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында пәрменді ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасасуды, есірткіге тәуелділерді медициналық-әлеуметтік оңалтуға байланысты ұзақ мерзімді жобаларға ҰЕҰ-ны тартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін нормативтік құқықтық сипаттағы проблемалар сақталуда.

Есірткіге тәуелділер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің тиімді

жүйесін оларды тәуелділіктің бастапқы сатыларындағы есірткі тұтынушыларға қолдана отырып қалыптастыру мәселелерін шешу талап етіледі.

Осыған байланысты Бағдарламаны іске асыру шеңберінде:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның үйлестіруші рөлін күшейтуге;

2) есірткіге қарсы салалық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қойылатын критерийлерді арттыруға;

3) есірткіге қарсы салада қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдардың республикалық коалициясын/қауымдастығын құруға бастамашылық етуге;

4) есірткіге тәуелді адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін реформалауға қатысты бірқатар мәселелерді пысықтау қажет.

Тізбеленген шаралар нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылды едәуір жоғары деңгейде ұйымдастыруға, есірткіге қарсы қызметті үйлестіру саласында бар кемшіліктерді жоюға және Бағдарламаны іске асыруды тиісінше бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шетелдік оң тәжірибеге шолу

Қазіргі уақытта шетелдердің практикалық тәжірибесін зерделеуге ерекше қызығушылық байқалады.

Осы мақсатта Германия, Қытай, Малайзия, АҚШ, Чехия сияқты елдердің тәжірибесі талданды.

Чехия. Чех Республикасында нашақорлықты емдеу көбіне мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарда, аз дәрежеде жеке меншік мекемелерде жүзеге асырылады. Бұл ұйымдар емдеу бойынша үш негізгі қызметті ұсынады: детоксикация, амбулаторлық ем және институциялық көмек. Стационарлық емдеу қысқа мерзімді (4-8 апта); орта мерзімді (3-6 ай) және ұзақ мерзімді (7 ай және одан көп) болуы мүмкін.

Чехияда алмастыру терапиясын қолдануға рұқсат етілген. 2008 жылы алмастыру терапиясының мамандандырылған 40 орталығы тіркелген, оның ішінде 7 орталық түрмелерде тіркелген.

2000 жылы екі алмастыру агенті қолданылған: метадон және бупренорфин. 2008 жылдан бастап құрамында бупренорфин және налоксан бар тіл астына қоятын препарат енгізілді.

2008 жылғы деректер бойынша 5000 жуық адам алмастыру терапиясынан өткен, оның 700-і метадон және шамамен 4200-4500-і бупренорфин қабылдаған.

2008 жылғы деректер бойынша жалпы алғанда есірткіге тәуелді шамамен 8000 адам емдеуден өткен, оның 4000-ға жуығы емделуге бірінші рет өтініш білдірген. Бұл ретте емдеуден өткен барлық пациенттердің 48 %-ының жасы 25-

Чех Республикасындағы профилактикалық қызметті білім министрлігі үйлестіреді, негізінен оны мектептер мен үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асырады. 2007 жылдан бастап нашақорлықтың алдын алу мектеп бағдарламасына енгізілген. Министрліктің деңгейінде мектептер үшін ұсынымдарды қамтитын барынша аз алдын алу бағдарламасы әзірленген.

Польша. Халықаралық сарапшылардың пікірі бойынша, Польша ауған героинін Еуропаға апаратын басты транзиттік елдердің бірі және халықаралық нарықта амфетаминдердің негізгі өндірушісі болып табылады.

Польшаның есірткіге тәуелді халқының басым бөлігі 15-24 жастағылар.

Нашақорлыққа қарсы іс-қимылдың институциялық негіздері 2005 жылғы 29 шілдедегі «Нашақорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда және Нашақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011 - 2016 жылдарға арналған ұлттық бағдарламада баяндалған. Бағдарламаның негізгі мақсаты есірткі тұтынуды азайту және онымен байланысты әлеуметтік және медициналық проблемаларды барынша тиімді шешу болып табылады. Бағдарлама бес негізгі саланы қамтиды: нашақорлықты ескерту; емдеу, оңалту, зиянын азайту және әлеуметтік қайта біріктіру; ұсынысты қысқарту; халықаралық ынтымақтастық; зерттеу және м о н и т о р и н г .

Польшада есірткіге тәуелділікті медикаментоздық емдеу амбулаторлық және стационарлық емдеу мен детоксикацияны қамтиды.

Амбулаторлық емдеу ірі қалаларда орналасқан наркологиялық консультациялау орталықтары мен консультациялық психикалық денсаулық орталықтарының желісі арқылы қамтамасыз етіледі. Детоксикация палаталарында детоксикация жүргізіледі. Есірткіге тәуелділерді амбулаторлық және стационарлық емдеуді үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік қызметтер және жеке меншік ұйымдар жүзеге асырады. Детоксикацияны негізінен мемлекеттік қызметтер, сондай-ақ жеке меншік клиникалар қамтамасыз етеді.

Шығыс және Орталық Еуропаның барлық елдері ішінде Польшада есірткіге тәуелділерді оңалтуға және ұзақ уақыт тежеуге бағытталған терапиялық қоғамдастықтардың ең көне дәстүрлерінің бірі бар. Бағыт «Жастар есірткіге қарсы» (МОНАР) атауын алған. Бұл терапиялық қоғамдастықтардың идеяларына негізделген көмектің бүкіл жүйесін құру үшін іргетас болды. Қазіргі уақытта МОНАР түрлі типтегі 160-тан астам бағдарламаны іске асырады, қауымдастық жыл сайын қиын өмір жағдайында қалған 75 мыңнан астам адамға қызмет көрсетеді. МОНАР емдік бағдарламасы 7 кезенді қамтиды; клиенттер, әдетте, барлық кезеңдерді 12-16 айда өтеді. Жұмыстың негізіне еңбекке үйретуді, жеке және топтық психотерапияны, мәдени және этикалық бағдарламаларды жүзеге асыруды, дене шынықтырумен үнемі айналысуды, алкогольден және басқа да

психикалық белсенді субстанциялардан толық бас тартуды, оңалту курсына аяқтаған азаматтарды оңалтудан кейін қолдауды қамтитын кешенді бағдарлама қойылған. Бағдарлама діни және сиқырмен әсер ету элементтерін, сондай-ақ пациенттердің санасын манипуляциялаудың түрлі әдістерін қамтымайды.

Польшада ұсақ құқық бұзушылық үшін айыппұл, бір жылға дейін мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделген. Бұл ретте сот нашақорды емделуге міндеттеуі мүмкін. Есірткі сату айыппұлмен және 6 айдан 8 жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады. Польшада емделу ерікті сипатта екеніне қарамастан, 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерді сот емдеу курсынан өтуге міндеттейді.

Заңнамаға сәйкес Польшада әрбір білім беру мекемесінде өзінің нашақорлықтың алдын алу бағдарламасы болуы тиіс, ол нақты ахуалға жауап ретінде құрылады. Бағдарламаны әзірлеумен заңнама бойынша мұғалімдер ата-аналармен ынтымақтаса отырып айналысуы тиіс. Осыған байланысты ата-аналар мен өтпелі жастағы балалар мақсатты топтары болып табылатын «Отбасына жақын, есірткіден алыс» ақпараттық кампаниялар («әке-ұл» ұстанымына ерекше назар аударылады) өте танымал. Ақпараттық кампаниялардың ортақ мақсаты есірткі қабылдағанға дейін қорғау факторы ретінде отбасында және есірткіге тәуелділіктің алдын алуда жағымды коммуникацияның мәнін күшейту болып табылады. Коммуникация инструменттері телевидение, радио, интернет, кинотеатрлар, баспа басылымдары (брошюралар, плакаттар және тағы басқалар), есірткіге қарсы сенім телефонының әрекетін танымал ету және интернет-консультациялар болуы мүмкін.

Бұл кампанияларды өткізу есірткіге және онымен байланысты проблемаларға қарсы күресте қатысушы мекемелерге өз әлеуетін нығайту және осы салада өзінің ақпаратты басқаруын арттыру мүмкіндігін береді.

Қытай. ҚХР-дың есірткіге қарсы саясатының маңызды бағыты – нашақорларды емдеу және құтқару.

Қытайда 2010 жылғы маусымда 1,437 млн. нашақор тіркелген. Тіркелеген нашақорлардың 1,05 млн. жуығы апиын, морфий, героин және кокаин сияқты есірткілерді тұтынады. Олардың үлесіне елдегі нашақорлардың жалпы санының 72,7% келеді.

Есірткіге тәуелділерді емдеу кезінде ҚХР-да бір жағынан наркологиялық диспансерлерде мәжбүрлеп емдеуді, ал екінші жағынан зиянды құмарлықтан емделгісі келетіндерге қоғамдық құрылымдардың көмек көрсетуін білдіретін кешенді тәсіл қолданылады.

Мәжбүрлеп емдеу курсынан өтіп, диспансерден шыққаннан кейін есірткі тұтынуды қайта бастағандарды, әдетте, құқықтық атқарушы құрылымдарға

ведомстволық бағынысты еңбекпен түзеу мекемелеріне жібереді, ол жерде еңбекке қатысумен қатар нашақор-рецидивистерді мәжбүрлеу тәртібімен емдейді. Қандай да бір себептермен наркологиялық диспансерлерде болуға қарсы көрсетімдері бар есірткіге тәуелділерге қатысты олар үй жағдайында туыстарының қамқорлығымен және жергілікті милиция бөлімшесінің қадағалауымен емделуге барады, осы ретте есірткі тұтынушы емделіп шығуы тиіс мерзім белгіленеді. Бұдан басқа кейбір аудандарда медициналық мекемелер арнайы курстар құрған, оларға есірткіге құмарлықтан ерікті түрде емделгісі келетін адамдар қабылданады. Кейбір аудандарда қоғамдық ұйымдар қамқорлыққа алып, есірткіге тәуелділерге есірткіден бас тартуға көмектеседі.

Малайзия. Малайзия есірткіні таратуға және тұтынуға қарсы күрес бойынша қ а т а ң с а я с а т жү р г і з е д і .

1975 жылы Малайзияда есірткі контрабандасы және оны сақтағаны үшін дарға асу арқылы өлім жазасын көздейтін заң қабылданған. 1983 жылы заңды қолдану саласы айтарлықтай кеңейтілді. 15 грамнан артық героин немесе 200 грамм марихуана сақтағаны үшін, сондай-ақ күшті әсер ететін есірткі заттарын елге әкелгені үшін қылмыскердің азаматтығына қарамастан, ерекше жазалау шарасы — өлім жазасы ұйғарылады.

Есірткіге қарсы күрестің жалпыұлттық науқаны шеңберінде 2005 жылдың қыркүйегінен бастап малайзиялық студенттердің есірткі тұтыну тестлеуінен өту п р а к т и к а с ы е н г і з і л г е н .

Орталық Малайзияның түнгі клубтары мен дискотекаларын ғимаратқа келушілер арасынан нашақорларды анықтауға қабілетті жаңа детекторлық құрылғылармен жарақтау туралы шешім қабылданды. Детекторлық аппаратураның жұмыс тәсілі есірткі тұтынуға бейімділігі күдіктелетін келушілердің көзінің торшасын сканерлеуге негізделген. Малайзиялық биліктің бұл бастамасына Азияда ұқсас келетіні жоқ.

Мектеп оқушыларының көз торшаларынан ақпаратты оқитын биосканерлер оқушылардың арасынан нашақорларды анықтау үшін Малайзияның көптеген орта мектептерінде орнатылған. Биосканер есірткі тұтыну фактісін тіркеп қана қоймай, оның түрін тануға да қабілетті. Тиісті ақпарат экранға шығарылады және басылып шығарылуы мүмкін. Аппараттың оң қорытындысын алған мектеп оқушылары зертханалық жағдайда несеп талдауын тапсыру үшін жіберіледі. Анықталған нашақорлар құқық қорғау органдарының өкілдеріне берілмей, есірткіге тәуелділікпен ауыратын мектеп оқушыларын емдеу және бейімдеу жөніндегі арнайы курстарға жіберіледі.

Малайзияның солтүстік-батысындағы Кедах (Kedah) штатының билігі есірткі заттарының айналымына қарсы күрестің өзіндік бірегей жүйесін енгізіп, практикада сәтті қолдануда. Қолданыстағы кеден заңнамасына сәйкес кез келген

азамат шекара арқылы есірткіні заңсыз алып өтудің өзіне белгілі болған фактісі туралы хабарлаған әрбір азамат тәркіленген препараттың «нарықтық» құнының 50 % өтемақы ретінде алады.

АҚШ. Құрама Штаттарда есірткі соттары жаза шығарудың балама тәсілі болды және есірткімен байланысты шамалы құқық бұзушылықтарға жол берген адамдармен жұмыс істеуге арналған. Есірткі соттары есірткі тұтынатын қылмыскерлерді анағұрлым жан-жақты және тиімді бақылауды қамтамасыз етеді. Түрмеге қамаудың баламасы ретінде олар есірткіге байланысты құқық бұзушылық жасаған адамдарға тиімді емделу, есірткі тұтынуына тестілеуден өту, оларға қоғамдық бақылауды, сондай-ақ құрылымды мониторинг мүмкіндігін ұсынады.

Болжам бойынша нашақорлықтың негізінде болған зорлық-зомбылықсыз қылмыстарға байланысты істер бойынша тыңдауларда соттың дәстүрлі қатысушыларынан басқа дәрігер болып табылмайтын, бірақ емделу және қоғамға алдағы уақытта кіріктіру бағдарламасына қатысуға сотталушының әзірлігін бағалау құқығына лицензиясы бар «консультант» (assessor) деп аталған адам қатысады.

АҚШ-та профилактика бойынша өзінің қолданылу тиімділігін дәлелдеген шаралардың бірі скрининг – қысқа мерзімді интервенция және емделуге жіберу (SBIRT) болып табылады.

Бұл есірткі проблемасын басынан кешірген адамдарды анықтау және көмек көрсету үшін денсаулық сақтау мекемелерінде қолданылатын профилактика және емдеу бағдарламасы. Бүкіл ел бойынша госпитальдарда, ауруханаларда және университеттік кампустарда іске асырылады.

Тәуелділік проблемасы диагностикаға берілетін деңгейден шығып кеткен адамдардың басым бөлігі дәрігерлер үшін белгісіз болып қалуда. Бұл адамдар көп жағдайда өзінің тәуелділік проблемасының даму дәрежесін сезінбейді және емделуге бармайды. Медициналық қоғамдастық АҚШ үкіметімен бірлесіп осы бағдарламаны әзірледі. Егер проблема анықталса, білікті дәрігер дереу қысқа мерзімді интервенция жүргізеді.

АҚШ-та және басқа елдерде оң нәтижелерді ескере отырып, «Балалар есірткі мен қылмысқа қарсы» (DARE) бағдарламасы белсенді енгізілуде.

Бағдарлама сыныптастары тарапынан қысымға қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру, есірткісіз және зорлық-зомбылықсыз өмірді насихаттау, сондай-ақ суицидке әкеп соғатын психологиялық проблемаларды шешу мақсатында әртүрлі жастағы (5-6 жастан бастап) балалар үшін полицейлер өткізетін оқу сабақтарының сериясын ұсынады.

Оқу курсына Нашақорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясы жобасының (DRS) шеңберінде 20 жыл бойы жүргізілген зерттеулердің нәтижелері жинақталған

және жастардың есірткі тұтыну салдарларының себептерін анықтауға  
б а ғ ы т т а л ғ а н .

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде 2010 жылы Қазақстандағы АҚШ Елшілігі осы «Балалар есірткі мен қылмысқа қарсы» DARE мектеп бағдарламасын республиканың оқу орындарында енгізу туралы ұсыныс жасады және Астана қаласы оқу орындарының базасында оны енгізуге кірісті. Өткізілген оқыту тренингтерінің қорытындысы бойынша Астана қаласының ІД КТИ-дің 27 мектеп инспекторы дайындалды. Көрсетілген бағдарламаға білім және ішкі істер министрліктерінің басшылығы тарапынан қолдау көрсетті және одан әрі ынтымақтастық шеңберінде мектеп оқушылары арасында нашақорлықтың алдын алу жөніндегі бағдарламаның шеңберінде енгізілетін болады.

Отбасы дағдыларын дамыту арқылы алкоголь мен есірткіні тұтынудың алдын алу жөніндегі АҚШ тәжірибесі (бұдан әрі – FAST бағдарламасы) қызықты. FAST бағдарламасын Мидлсекс университетінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі зерттеулер профессоры доктор Линн МакДональд әзірлеген және ол бала дамуының әлеуметтік-экологиялық теориясына негізделген. FAST бағдарламасы ата-аналар мен балалар, ата-аналар мен мектеп арасындағы, сондай-ақ ата-аналар мен жергілікті қоғамдастық арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруға арналған әмбебап және сегіз апталық практикалық оқу жоспарын қамтиды.

Бағдарлама табысты аяқталғаннан кейін ата-аналар әрбір ай сайын кездесуді жалғастырады. Бұл қарым-қатынастың жалғасуын және сегіз апталық сабаққа қ а т ы с у д ы ң п а й д а с ы н көрсетеді.

Осы бағдарламаның тиімділігіне жасалған талдау БҰҰ ЕҚБ-ның қолдауымен пилоттық жоба ретінде 2010 жылы Шымкент және Павлодар қалаларында Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен FAST бағдарламасын енгізуді бастауға мүмкіндік берді. 2010 жылы Павлодар мен Шымкент қалаларында іске асырыла бастаған пилоттық жобаның шеңберінде осы бағдарлама барлығы 50 отбасын қ а м т ы д ы .

Германия. Германияның есірткіге қарсы саясаты кешенді сипатта және профилактиканы, консультациялауды және емдеуді, зиянды төмендетуді және ұсынысты қысқартуды қамтиды. Профилактикалық іс-шаралар негізінен мектеп о р т а с ы н а б а ғ д а р л а н ғ а н .

Нашақорлықты болдырмау жөніндегі инновациялық жобалар арасында Интернет-консультациялар, телефон арқылы консультациялар және этникалық аз топтарға а р н а й ы б а ғ д а р л а н ғ а н жобалар бар.

Германия заңнамасына сәйкес есірткіні рұқсатсыз сақтау қылмыс болып табылады. Егер есірткіні тұтыну оны сатумен, ауырлататын мән-жайлармен байланысты болмаса, құқықтық тәртіп органдары қылмыстық қудалауды бастауға және қорытындысы бойынша әкімшілік, медициналық және қоғамдық

сипаттағы шараларға артықшылық бере отырып, жауапқа тартылған адамды түрмеге қамауға үкім шығаруға бейім емес.

Неміс заңнамасына сәйкес есірткіге мас күйінде ауыр емес қылмыс жасаған адамдар (ұрлық, вандализм және басқа) есірткіге тәуелділіктен емделуден ерікті түрде өткен жағдайда қылмыстық жазадан құтылуы мүмкін.

Осы норма егер жасалған қылмыс үшін күтілетін түрме мерзімі кемінде екі жыл болған жағдайда ғана қолданылады.

Литва. Өткен жылы Қылмыстық кодекске енгізілген жаңа қылмыстық құқықтық ықпал ету шарасы – мүлікті кеңінен тәркілеу туралы Литваның құқық қорғау органдарының тәжірибесі қызық. Қолданыстағы заңнама контексінде егер мүлік қылмыстық жолмен алынды деп есептеуге негіз бар болса, бұл шара кінәлінің заңды кірістеріне пропорционал емес болып табылатын кінәлінің мүлкіне немесе мүлкінің бір бөлігіне қолданылады.

Б ұ л ж а ғ д а й д а :

1) қылмыстық жолмен алынған ақша немесе мүлікті заңдастыру;

2 ) з а ң с ы з б а ю ;

3) қылмыстық жолмен алынған мүлікті сатып алу немесе сату қылмыстық әрекет болып табылады.

Меншік құқығында құны 500 АЕК-тен асатын мүлкі бар адам, егер бұл ретте осы мүлік заңды кірістерге сатып алынуы алынуы мүмкін емес екенін білсе немесе білуі тиіс және білуі мүмкін болған жағдайда жазаға тартылады.

Занда мүлікті үшінші тұлғалардан алған адам, егер ол күдік туралы хабарламаға алғанға дейін бұл туралы құқық қорғау органдарына хабарласа және осы мүліктің шығу тегін анықтау кезінде олармен белсенді ынтымақтасса, онда заңсыз байығаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылады деген т ү с і н і д і р у б а р .

Осы шарада көзделген іс-әрекет үшін заңды тұлға да жауапкершілікте болады .

Мүлікті кеңейтілген тәркілеу мүліктік пайда алған немесе алуы мүмкін ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағанына кінәлі деп танылған адамдарға қолданылады. Сондай-ақ кінәлі заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасау кезінде алынған мүлікті иемденген жағдайда оны жасағаннан кейін немесе оны жасағанға дейінгі бес жыл ішінде құны оның заңды кірістеріне сәйкес келмейтін және айырмашылығы 250 ең төменгі күнкөріс мөлшерінің сомасынан асатын болса не кінәлі осы тармақта көрсетілген кезең ішінде мұндай мүлікті басқа адамға берген және қылмыстық процесс барысында кінәлі осы мүлікті сатып алуының заңдылығын негіздей алмаса, онда көрсетілген жаза қ о л д а н ы л а д ы .

Латвия. 2005 жылдан бастап жаңа қылмыстық іс жүргізу заңы күшіне енген

Латвияның да тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Осы заңға сәйкес сот қылмыстық іс бойынша айыпталушының мүлкіне тыйым салуға және оның мүлкіне қатысты істі жеке өндіріске бөлуге құқылы.

Қазақстан Республикасы үшін осы проблеманың өзектілігін ескере отырып, Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде ықпал етудің қосымша нормасы ретінде мүлікті кеңінен тәркілеуді қарастыру қажет деп ұйғарамыз.

Шетелдердің тәжірибесін талдау нәтижелері нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жұмысына оң әсерін тигізуі мүмкін төмендегі шараларды анықтауға мүмкіндік береді:

1) республиканың Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде ықпал етудің қосымша нормасы ретінде мүлікті кеңінен тәркілеуді көздеу;

2) республиканың оқу орындарында «Балалар есірткі мен қылмысқа қарсы» DARE мектеп бағдарламасын енгізу;

3) отбасы дағдыларын дамыту арқылы алкоголь мен есірткіні тұтынудың алдын алу іс-шараларын кеңейту, FAST бағдарламасын енгізу;

4) «Отбасына жақын, есірткіден алыс» қағидаты бойынша (әке-ұл ұстанымына ерекше назар аудара отырып) ақпараттық кампаниялар ұйымдастыру, оның мақсатты топтары ата-аналар мен өтпелі жастағы балалар болуы тиіс;

Осы бағдарламаларды енгізу еліміздің қолданыстағы заңнамасын ескере отырып, бейімделуі тиіс.

5) есірткіге тәуелділіктен ерікті түрде емделген жағдайда қылмыстық жазадан құтылу мүмкіндігін бере отырып, есірткіге мас күйде ауыр емес қылмыстар жасаған (ұрлық, вандализм және басқа) есірткіге тәуелді адамдарды оңалтудың кешенді тәсілін қолдану;

6) түнгі клубтар мен дискотекаларды ғимаратқа келушілердің арасынан нашақорларды анықтауға қабілетті жаңа детекторлық құрылғылармен жарақтау.

#### **4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, мақсатты индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері**

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 778 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

##### **1. Бағдарламаның мақсаты**

Мақсаты – Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы мемлекеттік және қоғамдық іс-қимылдың қалыптастырылып

ж а т қ а н

ж ү й е с і н

ж е т і л д і р у .

Осы мақсаттың шеңберінде есірткі ахуалының дамуын бағалау, қылмыстарды тергеуді прокурорлық қадағалаудың жай-күйін талдау, есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді карау бойынша сот практикасын жинақтау негізінде елде нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізілетін болады.

## 2. Мақсатты индикаторлар

| «Мақсатты индикатор                                                                               | Ақпарат көзі      | Өлшем бірлігі                      | есепті кезеңде  |          | жоспарлы кезеңде |          |          |          |          |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|------------------------------------|-----------------|----------|------------------|----------|----------|----------|----------|
|                                                                                                   |                   |                                    | 2010 жыл (есеп) | 2011 жыл | 2012 жыл         | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл |
| Зиянды тұтынумен және есірткіге тәуелділікпен наркологиялық есепте тұрған адамдар санын төмендету | ДСМ               | 100000 тұрғынға шаққанда адам саны |                 |          |                  |          | 223,3    | 218,9    | 214,5    |
| Диспансерлік есепте тұрған есірткіге тәуелді адамдар санын төмендету                              | ДСМ               | 100000 тұрғынға шаққанда адам саны |                 |          |                  |          | 154,0    | 152,4    | 151,0    |
| оның ішінде мыналардың үлесін төмендету                                                           |                   |                                    |                 |          |                  |          |          |          |          |
| әйелдер                                                                                           |                   | өткен жылға                        |                 |          |                  |          | 5,1      | 5,0      | 4,9      |
| кәмелетке толмағандар                                                                             |                   | %                                  |                 |          |                  |          | 1,6      | 1,5      | 1,4      |
| Әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар санын арттыру                                         | ҚСЖАЕК есептілігі | %                                  | 12,9            | 26,9     | 25,9             | 21,3     | 25,3     | 25,7     | 26,1     |
| Тіркелген жалпы қылмыстық қылмыстар санынан есірткі қылмыстарының үлесін төмендету                | ҚСЖАЕК есептілігі | %                                  | 9,1             |          | 2,1              | 2,0      | 1,96     | 1,8      | 1,7      |
| Бірлесіп анықталған есірткі қылмыстары (контрабанда) фактілерінің саны                            | ҚСЖАЕК есептілігі | бірлік                             |                 |          |                  |          | 247      | 263      | 278      |
| ИМ                                                                                                |                   |                                    |                 |          |                  |          | 70       | 75       | 80       |
| ҰҚК                                                                                               |                   |                                    |                 |          |                  |          | 122      | 128      | 133      |
| Қаржымині КБК                                                                                     |                   |                                    |                 |          |                  |          | 55       | 60       | 65       |

## 3. Бағдарламаның міндеттері мен нәтижелерінің көрсеткіштері

Қойылған мақсатты және көзделген мақсатты индикаторларды іске асыруда мынадай міндеттер мен нәтижелердің көрсеткіштері айқындалды:

1. Нашақорлықтың алдын алу, емдеу жүйесін жетілдіру және есірткіге тәуелді

адамдарды оңалту жүйесін дамыту.

Бұл міндетті іске асыру үшін мынадай нәтижелердің көрсеткіштері көзделеді:

| Нәтиже көрсеткіші                                                                                                                                                        | Ақпарат көзі      | өлшем бірлігі | 2010 жылы (есеп) | Есеп беру кезеңінде | Жоспарлы кезеңде |          |          |          |          |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------|------------------|---------------------|------------------|----------|----------|----------|----------|
|                                                                                                                                                                          |                   |               |                  | 2011 жыл            | 2012 жыл         | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл |
| Белгілі бір мектептер санынан нашакорлықтың және мінез-құлық ауруларының алдын алу жөніндегі бағдарламаларды іске асыратын жалпы білім беретін мекемелердің үлесі (3291) | ҚР ДСМ РҒӨО БҒМ   | %             | -                | 14,1                | 21               | 35       | 50       | 64       | 78       |
| Ремиссия ұзақтығы 2 немесе одан көп жыл диспансерлік есепте тұрған есірткіге тәуелді адамдардың диспансерлік есепте тұрған есірткіге тәуелді адамдар арасындағы үлесі    | ДСМ               | %             |                  |                     |                  |          | 18,2     | 19,7     | 21,2     |
| Жалпы қылмыстар санынан есірткіге мас күйде жасалған қылмыстардың үлесі                                                                                                  | ҚСЖАЕК есептілігі | %             | 0,5              | 0,6                 | 0,5              | 0,4      | 0,3      | 0,27     | 0,25     |

Нашакорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар халықтың барлық санаттарына, бірінші кезекте қолайсыз отбасындағы, әлеуметтік жағдайлардағы, қиын өмір жағдайындағы балаларға, жасөспірімдер мен жастарға, сондай-ақ жоғары тәуекел топтарындағы адамдарға бағытталған.

Профилактика жүргізу кезінде жоғары тәуекел топтарындағы адамдарды, балалар мен жасөспірімдерді есірткіні алғаш татып көруден бас тарта білуге үйретуге бағытталған кәсіби әзірленген бағдарламалар мен іс-шараларға б а с ы м д ы қ б е р і л е д і .

Осы міндеттің шеңберінде, жүргізілген талдауды ескере отырып, мінез-құлқы девиантты, ішкі істер органдарында есепте тұрған, қиын өмір жағдайындағы, әлеуметтік пана үйлерінде тәрбиеленуші балалар мен жасөспірімдердің спорттық секцияларға ұдайы негізде тегін баруын сапалы ұйымдастыруға қол жеткізу қ а ж е т .

Есірткіні медициналық емес тұтынудың алдын алу жүйесін қалыптастыруда және арттыруда барлық мемлекеттік билік органдары, білім беру органдары, мемлекеттік, қоғамдық және діни бірлестіктерді қоса алғанда, әртүрлі ұйымдар, азаматтар, оның ішінде білім беру, медициналық және мәдени-ағарту мекемелерінің мамандары, жастар ұйымдарының волонтерлары қатысатын б о л а д ы .

Бағдарламаның іс-шаралар жоспарының тармақтарын іске асыру шеңберінде нашакорлықтың алдын алуды жетілдіру мақсатында «Орындалуына жауаптылар

» бөлімінде көрсетілген мүдделі мемлекеттік органдар мен қоса орындаушылар, атап айтқанда Қазақстан Республикасы ІІМ, БП, ТЖМ, МАМ, ҰҚК, БҒМ, ДСМ, ІІМ ҚАЖК, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, КЕҰ мынадай шараларды қабылдайтын болады:

1) Қазақстан Республикасы халқының әртүрлі нысаналы топтары үшін ағарту жұмысын және есірткіге қарсы насихатты ұйымдастыру;

2) есірткі құралдарын тұтынуға теріс көзқарасты тәрбиелеуге және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған әлеуметтік жарнама желісін дамыту;

3) тәуекелдік мінез-құлыққа және тәуелділікті дамытуға әкеп соғатын құндылықтар мен қасиеттердің жарнама, БАҚ, баспа өнімдері, мәдениет және өнер шығармалары арқылы насихатталмауын бақылау;

4) нашақорлықтың алдын алудың барлық түрлерімен айналысатын мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін жан-жақты (материалдық-техникалық, қаржылық, ұйымдастырушылық, құқықтық және т.б.) мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру;

5) алдын алу жұмыстарының анағұрлым тиімді нысандары мен әдістерін, нашақорлықтың алдын алу саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін зерделеу және практикаға енгізу;

6) нашақорлықтың таралуына мониторинг жүйесі;

7) барлық мүдделі тұлғалар мен ұйымдар үшін бірыңғай қолжетімді әдістемелер, нашақорлықты емдеумен және алдын алумен айналысатын ұйымдар мен мамандардың ақпараттық базасын құру;

8) есірткіні заңсыз тұтынушыларды және оларды тұтынуға бейім адамдарды уақтылы анықтауға бағытталған ақпараттық-консультациялық пункттердің, медициналық, психологиялық, әлеуметтік диагностикалық орталықтардың қолжетімді желісін ұйымдастыру;

9) бұқаралық ақпарат құралдарында есірткіге қарсы насихат пен алдын алуды жүргізуге кепілдік беретін заңнамалық және құқықтық жағдайларды дайындау;

10) есірткіге сұранысты қысқарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға мемлекеттік емес ұйымдарды неғұрлым белсендірек қатыстыру;

11) Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ЕБҚКК жанынан құрамына мемлекеттік және жұмыс нысандары мен әдістері бойынша әртүрлі мемлекеттік емес ұйымдардан есірткіге қарсы қызметтің практикалық саласындағы қайраткерлер мен мамандар кіруі тиіс консультативтік кеңес құру.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды іске асыру Бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңіне есептелген, алайда іс-шаралардың жалғасымды тиімділігі мен сипатын екенін ескере отырып, оларды одан әрі іске асыру жалғастырылады және бағдарламаның екінші кезеңін іске асыру кезінде аяқталатын болады.

Есірткіні медициналық емес тұтынуға жол беретін адамдарға наркологиялық

[illegible]

|                                                                                                                               |                              |       |   |   |   |   |         |         |         |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|-------|---|---|---|---|---------|---------|---------|
| Есірткі бизнесінен түскен кірістерді заңдастыру бойынша қылмыстық істерді тергеу процесінде құжаттандырылған фактілердің саны | Қ С ж<br>А Е К<br>есептілігі | бірл. | 0 | 0 | 1 | 2 | 8       | 10      | 12      |
| Алынған есірткі саны                                                                                                          |                              |       |   |   |   |   | 25486,3 | 26531,7 | 27577,7 |
| ІІМ                                                                                                                           | ҚСЖ АЕК<br>есептілігі        | кг    |   |   |   |   | 25000   | 26000   | 27000   |
| ҰҚК                                                                                                                           |                              |       |   |   |   |   | 306,3   | 321,7   | 337,5   |
| Қаржымині КБК                                                                                                                 |                              |       |   |   |   |   | 180,0   | 210,0   | 240,0   |
| оның ішінде героин және апиин                                                                                                 |                              |       |   |   |   |   | 472,3   | 493,7   | 515,5   |
| ІІМ                                                                                                                           | Қ С ж<br>А Е К<br>есептілігі | кг    |   |   |   |   | 127     | 130     | 133     |
| ҰҚК                                                                                                                           |                              |       |   |   |   |   | 306,3   | 321,7   | 337,5   |
| Қаржымині КБК                                                                                                                 |                              |       |   |   |   |   | 39,0    | 42,0    | 45,0    |
| Есірткі қылмыстарының жалпы санынан анықталған есірткі өткізумен байланысты не өткізу мақсатындағы қылмыстар санының үлесі    | Қ С ж<br>А Е К<br>есептілігі | %     |   |   |   |   | 60,1    | 61,0    | 61,9    |

Есірткіге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін шешуге Қазақстанның мемлекеттік шекарасы мен Кеден одағының шекараларын нығайту, олардың техникалық жарақталуын арттыру, елдің кедендік шекарасынан өтетін жүктерді бақылау тетіктерін құру және жетілдіру жолымен қол жеткізу ж о с п а р л а н а д ы .

Қазақстанға есірткіні заңсыз әкелуге жол бермеу үшін Қазақстанға, әсіресе әлемнің есірткі қаупі бар өңірлерінен келетін (болатын) шетел азаматтарын (азаматтығы жоқ адамдарды) мемлекеттік бақылау шараларының жүйесін ж е т і л д і р у к ө з д е л е д і .

Теңіз акваторийлерінде ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мақсатты бағытталған, оның ішінде героин, кокаин және синтетикалық есірткіні заңсыз жеткізу арналарын анықтау және жолын кесу мақсатында шаралар қабылдау көзделеді. Теңіз жүк-жолаушы тасымалдарының инфрақұрылымын бақылау шараларының жүйесін құру болжанады.

Мәдени-демалу іс-шараларын өткізу орындарында есірткі құралдары мен психотроптық заттар айналымының жолын кесу жөніндегі шараларды қ а м т а м а с ы з е т у к ө з д е л е д і .

Қазақстанда есірткінің заңды айналымының қауіпсіздігі оны жүзеге асыруды, әсіресе прекурсорлардың айналымын бақылаудың мемлекеттік тетігін жетілдіру есебінен қ а м т а м а с ы з е тілетін болады.

Құрамында есірткі бар, оларды оңай жолмен алу мүмкін емес және медициналық емес мақсатта пайдалану өте қиын жаңа дәрілік препараттарды (май, пластырь және т.б. нысанында) әзірлеуді және өндіруді қамтамасыз ететін шаралар жүйесін қалыптастыру көзделеді.

Қазақстандағы заңсыз есірткі өндірісінің шикізат базасын жою жөніндегі міндеттерді шешу кезінде құрамында есірткі бар өсімдіктерді жою, сондай-ақ олардың құрамындағы психобелсенді заттарды төмендету үшін химиялық заттарды қолданудың ғылыми әдістемелерін әзірлеуді көздейтін, құрамында есірткі бар жабайы өсетін өсімдіктерді заңсыз егу және өсу ошақтарын анықтау жүйесін жетілдіру жоспарланады.

Азаматтардың денсаулығын, мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында есірткі және оның прекурсорлары айналымы саласында және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл саласында заңнаманы жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыру көзделеді.

Осы шараларды іске асыру кезінде:

1) нормативтік реттеудің халықаралық озық тәжірибесін имплементациялауды қамтамасыз ету;

2) диспозициялық конструкцияларды жасалған қылмыстардың ауырлығына қарай қылмыстық жазалау шараларымен үйлестіру бөлігінде қылмыстық-құқықтық заңнаманы жетілдіру, есірткі және оның прекурсорларының заңсыз айналымы саласында қылмыс жасаған және нашақорлықтан емделуге мұқтаж адамдарға оларды уақтылы және барабар наркологиялық көмекті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шараларды қолданумен үйлесетін жауапкершілікті саралауды көздейтін жазалау жүйесінің икемділігін қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сотталушыларға, нашақорлықпен ауыратындарға және есірткі мен оның прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыс жасағанына кінәлі деп танылған адамдарға емдеу мен қылмыстық жаза арасында таңдау мүмкіндігін беретін, сондай-ақ осы санаттағы адамдар қабылдаған емделу жөніндегі міндеттемелерді және оларды орындамағаны үшін жауапкершілікті бақылау тетігін белгілейтін нормаларды енгізу мәселесін пысықтау;

4) есірткінің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстар туралы қылмыстық істерді толық және жан-жақты тергеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қылмыстық іс жүргізу тетігін нақтылау;

5) әрекеттері есірткіні медициналық емес тұтынудың, әсіресе тәуекел топтарында таралуына ықпал ететін жағдайлар жасауы мүмкін заңды және жеке тұлғалардың қызметін әкімшілік-құқықтық реттеуді қамтамасыз ету көзделеді.

Есірткі ұсынысын қысқарту мақсатында «әлеуметтік» жауапкершіліктің қосымша шараларын енгізу және есірткі мен оның прекурсорларының заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды, оның ішінде түзеу мекемелерінде, сондай-ақ оқу, спорттық, мәдени, ойын-сауық және өзге де көпшілік іс-шараларды өткізу үшін пайдаланылатын мекемелерде немесе орындарда

есірткі өткізуді болдырмау жөніндегі іс-шараларды күшейту жоспарланады.

Қазақстан есірткі мен оның прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдарды олардың заңсыз айналымы фактілері туралы ақпараттандыру бойынша әлеуметтік белсенділікті ынталандыруға бағытталған шаралар қабылдауды камтамасыз етеді.

Есірткінің жаңа түрлерінің, сондай-ақ медициналық емес мақсатта пайдаланылатын психобелсенді құралдардың заңсыз айналымының жолын кесу мақсатында 2014 жылы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының базасында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың деректер банкін құру жоспарланады.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды іске асыру оларды мұқият пысықтауды, ұйымдастыруды және Бағдарламаның іс-шаралар жоспарын орындаушылар, атап айтқанда құқық қорғау және арнайы органдар, бірінші кезекте Қазақстан Республикасы ІІМ ҰҚК, КБК, ЭҚСЖҚКА, БП және Әділетмині тарапынан өзара тығыз іс-қимылды қажет етеді.

Іс-шараларды орындау бағдарламаны іске асырудың екі кезеңі ішінде жүзеге асырылатын болады, алайда екінші кезеңде Қазақстан Республикасы Әділетминінің ССО базасында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың деректер банкін құру және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің балалар мен жастар арасында химиялық және психологиялық тәуелділікке тарту тәуекелдерінің таралуына мониторинг өткізуі арқылы құқық қорғау органдарының қызметін нығайтуды жүзеге асыру жоспарланады.

3. Есірткінің заңсыз айналымын және оны теріс пайдалануды бақылау және жолын кесу саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Бұл міндетті іске асыру үшін мынадай нәтижелердің көрсеткіштері көзделеді:

| Нәтиже көрсеткіші                                                                                                | Ақпарат көзі      | өлшем бірлігі | есепті кезеңде  |                 | жоспарлы кезеңде |          |          |          |          |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------|-----------------|-----------------|------------------|----------|----------|----------|----------|
|                                                                                                                  |                   |               | 2010 жыл (есеп) | 2011 жыл (есеп) | 2012 жыл         | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл |
| Бірлесіп анықталған есірткі қылмыстары фактілерінің саны (бақыланатын жеткізілім және бірлескен жедел әзірлеме)* | ҚСЖАЕК есептілігі | бірл.         |                 |                 |                  |          | 18       | 20       | 24       |
| ІІМ                                                                                                              |                   |               |                 |                 |                  |          | 6        | 7        | 10       |
| ҰҚК                                                                                                              |                   |               |                 |                 |                  |          | 12       | 13       | 14       |

\*Көрсеткіш ұлттық қауіпсіздік органдарының ведомстволық есептілік деректерін ескере отырып қалыптастырылады;

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде есірткіні бақылау саласында Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығының басты бағыттары болып:

1) жаңа шақырулар мен қауіптерге қарсы күресте БҰҰ мен оның Қауіпсіздік кеңесінің орталық үйлестіруші рөлі туралы Қазақстан Республикасының қағидаттық ұстанымын ескере отырып, жаһандық есірткі қауіпіне қарсы іс - қимылды жүзеге асыру;

2) осы саладағы негізгі күш-жігерді Қазақстан Республикасына Ауғанстаннан апиындар мен каннабистің контрабандасына қарсы күреске шоғырландыру;

3) ауғандық есірткі қауіпіне қарсы іс-қимыл жасауда Ауғанстан Ислам Республикасы мен өңірдің басқа да мемлекеттеріне жәрдем көрсетуде Қазақстанның рөлін арттыру;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне синтетикалық түрлерін қоса алғанда, есірткінің басқа типтерінің тарапынан қатерлерді болжау және жою бойынша мақсатты бағытталған жұмыс жүргізу;

5) ҰҚШҰ, ШЫҰ, ТМД, Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі еуразиялық топ сияқты және басқа халықаралық ұйымдар мен құрылымдардың әлеуетін пайдалана отырып есірткіні бақылау саласында, оның ішінде Ауғанстан айналасында есірткіге қарсы және қаржылық қауіпсіздік «белдіктерін» нығайту контекстінде өңірлік ынтымақтастықты дамыту;

6) есірткіге ұсыныс пен сұранысты қысқартуды қоса алғанда, оны бақылаумен байланысты проблемаларды кешенді зерделеу және басқа мемлекеттердің үкіметтерімен байланыста көрсетілген проблемаларды шешу бойынша бірлескен шаралар дайындау белгіленді.

Осы іс-шараларды іске асыру ұзақ мерзімді және табанды халықаралық сипатта болады, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген іс-шараларды біріктіретін осы міндетті іске асырудың ерекшелігін ескере отырып және тиімділігі оның орындаушыларына, атап айтқанда СІМ, ІІМ, ҰҚК, Қаржыминінің КБК, ЭҚСЖҚКА, БП, БҒМ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктеріне аса маңызды екенін түсіндіре отырып, іске асыру Бағдарламаның екі кезеңінде де көзделеді.

## 5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны іске асыру мына кезеңдерде жүзеге асырылады және тиісінше міндеттер шешілетін болады:

- 1) I кезең: 2012 – 2014 жылдар;
- 2) II кезең: 2015 – 2016 жылдар.

Бірінші кезеңде Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткінің

заңсыз айналымына қарсы мемлекеттік және қоғамдық іс-қимылдың қалыптастырылып жатқан жүйесін жетілдіру шеңберінде есірткі ахуалының дамуын бағалау, қылмыстардың тергелуін прокурорлық қадағалаудың жай-күйін талдау, есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау бойынша сот практикасын жалпылау негізінде елімізде нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізілетін болады.

Сондай-ақ есірткіге қарсы қызметті реттейтін заңнамалық базаны жетілдіру, нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күреске бағытталған республикалық заңнаманы және құқық қолдану практикасын тиісті халықаралық құқықтық актілердің ережелеріне және қоғамдық ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес одан әрі үйлестіру күтіледі.

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 – 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасында көзделген міндеттерді іске асыру нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің өңірлік бағдарламаларын сапалы әзірлеген және іске асырған кезде мүмкін болады. Өңірлік бағдарламаларды іске асыруға әкімдіктер жанындағы консультативтік-кеңесу органдары ықпал ететін болады.

Жүргізілген талдауды ескере отырып, ішкі істер органдарының есебінде тұрған, қиын өмір жағдайындағы, әлеуметтік пана үйлерінде тәрбиеленіп жатқан, мінез-құлқы девиантты балалар мен жасөспірімдердің спорттық секцияларға ұдайы негізде тегін баруын сапалы ұйымдастыруға қол жеткізу қажет.

Есірткі қабылдамауды одан әрі қалыптастыру, жасөспірімдер мен жастарды есірткіге тәуелділікке тартуды төмендету республикалық және өңірлік деңгейде Есірткіге қарсы бағдарламаларды ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі медиа-жоспарды іске асыру негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Медиа-жоспарды іске асыру шеңберінде нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемаларына арналған «Наркопост» және «Есірткісіз болашақ» мерзімді журналдарының шығарылуына, роликтердің, бейнероликтердің жасалуына, ІІМ, ҰҚК ұстанымдарын жариялап отырып, халықаралық трафикке қарсы белсенді күресуші ел ретінде әлемдік аренада республиканың имиджін көтеру жөніндегі іс-шараларға тиісті назар аударылатын болады.

Есірткі ортасын қабылдамауды қалыптастыруға тек білікті мамандар болған кезде қол жеткізілуі мүмкін. Тиісінше педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар, мектеп инспекторлары үшін нашақорлықтың алдын алу бойынша оқыту семинарларын өткізу, нашақорлықтың алдын алу, есірткіге тәуелділерді емдеу және оңалту саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарды қолдауды қамтамасыз ету қажет. Бағдарламаның бірінші кезеңін іске асырудың тиімділігіне, сондай-ақ есірткіні теріс пайдаланумен және телефонмен

анонимді консультативтік қызметті дамытумен байланысты әлеуметтік проблемаларды шешуде көмек көрсету мақсаты болып табылатын жасөспірімдер мен жастарға арналған әлеуметтік қызметтерді (Әлеуметтік бюро) жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін болады.

Нашақорлықтың алдын алу бойынша қызметтер көрсету және іс-шараларды іске асыру сапасына «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде есірткіге тәуелді адамдарға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі стандарттарды әзірлеуге бастама жасай отырып қол жеткізілуі мүмкін.

Сондай-ақ жергілікті деңгейде «Орта жолдағы үй» үлгісі бойынша есірткі тәуелді адамдарды әлеуметтік оңалту және қайта әлеуметтендіру жөніндегі орталықтарды құру және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеуді жалғастыру қ а ж е т .

Есірткіге тәуелді сотталғандар арасында есірткі патологиясының өскенін ескере отырып, пенитенциарлық және азаматтық мекемелер арасында медициналық-әлеуметтік көмектің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында біріктірілген медициналық қызметтер мен әлеуметтік қолдау моделін дамыту қ а ж е т .

Екінші кезеңде (2015 – 2016 жылдары) мына міндеттерді шешу көзделеді:

1) бірінші кезекте іс-шараларды іске асырудың және есірткі ахуалының негізінде белгіленген және бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша түзетілген ш а р а л а р д ы қ а й т а қ а р а у ;

2) екіншіден, халықаралық сарапшыларды тарта отырып, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кейіннен талдамалық жұмыс негіздеріне оқыту мақсатында талдамалық бөліністердің қызметкерлерін оқытуды және біліктілігін арттыруды жалғастыру есірткі контрабандасының жолын кесу бойынша ішкі және елден тыс жерлерде арнайы іс-шараларды анағұрлым сапалы жүргізуге м ү м к і н д і к б е р е д і ;

3) үшіншіден, Сот сараптамасы орталығының базасында құрылған есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың деректер банкі есірткінің заңсыз айналымынан алынатын заттардың тізбесін кеңейтуге және оларды әкелуді, транзитін ескертуге мүмкіндік береді.

Осы кезеңде, сонымен қатар, есірткіге қарсы заңнаманы және халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жалғастырылатын болады, бұл еліміздің және жалпы Қазақстан халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласында екіжақты және көпжақты келісімдерге қол қоюды жалғастыруға мүмкіндік береді.

## 6. Қажетті ресурстар

Ескерту. 6-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 778 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бағдарламаны орындау оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес тиісті қаржы жылына республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және шегінде бюджеттік бағдарламалар және заңнамада тыйым салынбаған басқа да көздер бойынша жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Бағдарламаны іске асыру 7 млрд. 480 млн. 792 мың теңге, оның ішінде республикалық бюджет қаражатынан 6 млрд. 616 млн. 778 мың теңге, тиісінше жылдар бойынша: 2012 жылы – 3 млрд. 089 млн. 148 мың теңге, 2013 жылы – 1 млрд. 316 млн. 431 мың теңге, 2014 жылы – 2 млрд. 211 млн. 199 мың теңге, жергілікті бюджет қаражатынан 864 млн. 014 мың теңге, жылдар бойынша: 2012 жылы – 178 млн. 981 мың теңге, 2013 жылы – 208 млн. 386 мың теңге, 2014 жылы – 171 млн. 999 мың теңге, 2015 жылы – 152 млн. 093 мың теңге, 2016 жылы – 152 млн. 555 мың теңге сомасында қаржыландыруды талап етеді.

Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландырудың жалпы көлемінен материалдық-техникалық жағдайды нығайтуға, кинологиялық қызметті дамытуға , шекараны нығайтуға 6 млрд. 369 млн. 505 мың теңге, оның ішінде: ІІМ-ге – 91 млн. 402 мың теңге, ҰҚК-ге – 5 млрд. 473 млн. 389 мың теңге, Қаржымині КБК-ге – 804 млн. 714 мың теңге бағытталатын болады.

Жасөспірімдер мен жастар арасында профилактикалық сипаттағы іс-шараларды өткізуге, есірткіге қарсы иммунитетті қалыптастыруға, ақпараттық науқандарға, есірткіге тәуелді адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтуға 1 млрд. 111 млн. 287 мың теңге, оның ішінде: республикалық бюджеттен – 247 млн . 273 мың теңге, жергілікті бюджеттен 864 млн. 014 мың теңге бағытталатын б о л а д ы .

Бағдарламаны іске асыру үшін қаржылық қаражатпен қатар мемлекеттік билік органдары мен жергілікті атқарушы органдардың, келісім бойынша - бағдарламалық іс-шаралар тізбесінде көрсетілген орындаушылардың материалдық-техникалық, ақпараттық және еңбек ресурстары пайдаланылатын б о л а д ы .

Ақпараттық қолдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми интернет-сайтын, мүдделі министрліктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, КЕҰ-ның сайттарын пайдалана отырып, ішкі істер, ақпарат және мәдениет министрліктерінің жалпы үйлестіруімен жүзеге асырылатын болады.

Осы Бағдарламаның негізгі қоғамдық маңызды нәтижелерінің бірі – «адам

капиталын» өсіру. Осылайша, осы Бағдарламаның іс-шараларын орындау Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында көзделген жылдам өзгеретін әлемде тек негізгі қозғаушы күші жастар болып табылатын инновациялық даму әлеуетін тиімді дамытатын және өнімді пайдаланатын мемлекетте ғана стратегиялық басымдық болатыны туралы идеяны іске асыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру қоғамдық қатынастарды тұрақтандыратын мемлекеттік есірткіге қарсы саясат саласында сапалы қызметтерді тұтынудың өсуіне әкеледі, бұл маңызды әлеуметтік нәтиже болып табылады.

Бағдарламаның экономикалық тиімділігіне, біріншіден, есірткіге тәуелді адамдар санын, бірінші кезекте, жұмыссыз жастардың қатарынан азайту (бюджет шығыстарын қысқарту кезінде қосылған құнның өсуі) есебінен және екіншіден, халықты, оның ішінде инновациялық жобаларды іске асырушы жастарды еңбекпен қамтудың өнімділігін арттыру есебінен қол жеткізіледі. Сондай-ақ, қайталауды жою және түрлі ведомстволардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету есебінен – есірткіге қарсы мемлекеттік саясаттың бюджеттік ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру түрінде экономикалық тиімділік болуы мүмкін.

Ішкі істер министрлігі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті, оны орындауды және түпкілікті нәтижелерді, бөлінетін қаржылық қаражатты ұтымды пайдалануды үйлестіреді және басқа мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша Бағдарламаны іске асыруды басқарудың нысандары мен әдістерін айқындайды.

Ішкі істер министрлігі Бағдарламаны әзірлеуші және үйлестіруші мемлекеттік орган ретінде Бағдарламаны іске асыру барысында:

Бағдарламаның Іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі қызметті талдауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне заң жобаларын, Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі нормативтік құқықтық актілерінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қажет етілетін Бағдарламаны орындау үшін қажетті басқа да құжаттардың жобаларын енгізеді;

өз құзыретінің шегінде Бағдарламаны орындау үшін қажетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды; бөлінетін қаржылық қаражатты ескере отырып, Бағдарламаны орындау көрсеткіштерін және оның іс-шараларын іске асыруға арналған шығындарды, іске асыру тетігін және орындаушылардың құрамын нақтылайды;

Бағдарламаның іске асырылу барысын ескере отырып, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Бағдарламаның, тұтастай алғанда, іске

асырылу барысы туралы статистикалық, анықтамалық және талдамалық ақпаратты дайындайды және белгіленген тәртіппен ұсынады;  
жыл сайын белгіленген тәртіппен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Бағдарламаның іске асырылу барысы, қол жеткізілген нәтижелер және қаржы қаражатының тиімді пайдаланылуы туралы белгіленген нысан бойынша талдауды ұсынады;

Бағдарламаны іске асыру мерзімін түзету, ұзарту не оның орындалуын тоқтату (қажет болғанда) туралы Қаржы министрлігіне ұсыныстар енгізеді.

Бағдарламаны қоса орындаушы мемлекеттік органдар:

1) Бағдарламаны іске асыруға бөлінетін қаражатты тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

2) Бағдарламаның Іс-шаралар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес Бағдарламаның іске асырылуы бойынша есептілік жүргізуді, сондай-ақ оның іс-шараларының мониторингін ұйымдастырады;

3) Бағдарламаның жекелеген іс-шараларын іске асыру барысын сараптамалық тексеруді ұйымдастырады;

4) Бағдарламаның тиісті іс-шаралары бойынша жұмыстарды (қызметтерді) орындаушыларды, өнімді жеткізушілерді конкурстық негізде іріктеуді, мемлекеттік келісім-шарттар не азаматтық-құқықтық шарттар жасасуды жүзеге асырады;

5) Бағдарламаның іске асырылу барысын басқару және бақылау мақсатында ақпараттық технологиялар қолдануды, Бағдарламаның мәтінін, Бағдарламаның іске асырылуын басқару және оның іс-шараларының орындалу барысын бақылау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру барысы мен нәтижелері туралы материалдарды Интернет желісіне орналастыруды ұйымдастырады;

6) мемлекеттік тапсырыс беруші – Бағдарламаның үйлестірушісіне Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру барысы туралы статистикалық, анықтамалық және талдамалық ақпарат ұсынады;

7) қажет болғанда мемлекеттік тапсырыс беруші – Бағдарламаның үйлестірушісіне Бағдарламаны іске асыру мерзімдерін ұзарту туралы не оны тоқтату туралы ұсыныстар жасайды;

8) Бағдарламаның мемлекеттік үйлестірушісі Бағдарлама бойынша жұмыстардың орындалу барысы, қол жеткізілген нәтижелер және қаржылық қаражатты пайдаланудың тиімділігі туралы белгіленген нысан бойынша баяндама ұсынады.

Бағдарламаны іске асыру кезінде келісілген әрекеттерді қамтамасыз ету мақсатында республикалық, сондай-ақ аумақтық деңгейлерде мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен құрылатын ведомствоаралық

штаб (үйлестіру кеңесі) құрылады және қызметін жүзеге асырады.

ведомствоаралық штаб (үйлестіру кеңесі) мынадай функцияларды:

өзара іс-қимыл жасау кезінде туындайтын проблемалық мәселелерді қарауды және оларды шешу бойынша ұсынымдар дайындауды;

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру туралы материалдарды қарауды; нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру бойынша келісілген ұсыныстар дайындауды;

Бағдарламаның орындалу барысын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын ескере отырып, оның іс-шараларын анағұрлым тиімді іске асыру бойынша ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады.

Республикалық және Астана, Алматы қалаларының, облыстардың жергілікті бюджеттерін нақтылау кезінде шығыстар сомасы өзгертін болады.

## 7. Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 7-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.07.2014 № 778 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| р/с №                                                                                                            | Іс-шаралар                                                                                                                         | Аяқтау нысаны                               | Орындау үшін жауаптылар                                                                        | Орындау мерзімдері                                                                     | Көзделетін шығыстар Республикалық бюджеті |          |          |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|----------|----------|
|                                                                                                                  |                                                                                                                                    |                                             |                                                                                                |                                                                                        | 2012 жыл                                  | 2013 жыл | 2014 жыл |
| 1                                                                                                                | 2                                                                                                                                  | 3                                           | 4                                                                                              | 5                                                                                      | 6                                         | 7        | 8        |
| <b>1. Нашақорлықтың алдын алу, емдеу жүйесін жетілдіру және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін дамыт</b> |                                                                                                                                    |                                             |                                                                                                |                                                                                        |                                           |          |          |
| 1.                                                                                                               | Мыналарды жүргізу:                                                                                                                 |                                             |                                                                                                |                                                                                        |                                           |          |          |
| 1.                                                                                                               | Қазақстан Республикасында есірткі ахуалының дамуын бағалау, нашақорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ІІМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері | Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 30 шілдеден және 30 қаңтардан кешіктірмей жыл сайын | талап етілмейді                           |          |          |
| 2.                                                                                                               | есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды тергеуді прокурорлық                                                           | ІІМ-ге ақпарат                              | БП (келісім бойынша)                                                                           | Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 10 маусымнан және                                   |                                           |          |          |

|    |                                                                                                                                                                                |                                    |                                                                                                |                                                                                        |                 |
